



АНАЛАРДЫ АЛАҢДАТАТЫН МӘСЕЛЕ ОРТАҚ



Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының шешімімен Ақтау қаласы «Түркі әлемінің мәдени астанасы» мәртебесіне ие болғаны белгілі. Киелі өңірде Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы мен Халықаралық Отбасы күніне орай «Ана. Қоғам. Болашақ» атты форум өтті.

(Жалғасы 2-бетте)

(Жалғасы 3-бетте)

КИБЕРАЛАЯҚТЫҚ – ЗАМАН ҚАСІРЕТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру негізінде Түркістан облысы Полиция департаменті және облыс прокуратурасының бас-тамасымен «Кибералаяқтық: алдын алу, қорғау, жауапкершілік» тақырыбында ауқымды республикалық форум өтті.

Ең алдымен, жиналғандарға су жаңа IT жабдықтары мен робототехника құралдарының көрмесі ұсынылды. Одан әрі бүгінгі таңда көп кездесіп жатқан алаяқтарға алданудың түрлері көрсетілген театрландырылған қойылым қойылды. Іс-шарада облыс әкімінің бірінші орынбасары Зұлфұхар Жолдасов, Полиция департаментінің бастығы Мұрат Қабденов, облыс прокуроры Мұрат Тілеубердиев сөз алып, өңірдегі алаяқтық қылмысының алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға кеңінен тоқталды.

Жиын барысында Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаменті мен IT индустриясының білікті мамандары жұртшылыққа алаяқтарға алданбаудың әдіс-тәсілдерін көрсетіп, тәжірибесімен бөлісті.

Қазір ең көп кездесетін интернет-алаяқтық қылмыстардың түрі – банк, казпошта, ұялы байланыс операторының қызметкері, тіпті құқық қорғау органы қызметкері ретінде де хабарласып, жәбірленушілердің жеке деректеріне қол жеткізіп жатыр. Осы ретте құзырлы орган қызметкерлері жеке деректеріңізге сақ болып, келіп түскен қоңыраулар мен хабарламаларға сын көзбен қарап, оларды тексеру қажет екенін алға тартты. Жалған сілтемелерге кірмеуге кеңес берді.

Сондай-ақ ҚР ІІМ-нің Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаментінің бастығы Жандос Сүйінбай, Түркістан облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің бастығы Ерболат Балғабаев, «CYBERLABS» ЖШС-нің өкілі Әділет Хамзин, «Digital road» IT индустриясының кәсіпкерлер қауымдастығының өкілі Сейдулла Исмаиловтар жиналған жұртшылыққа алаяқтарға алданбаудың әдіс-тәсілдерін көрсетіп, бұрын-соңды айтылмаған мағлұматтармен бөлісті.

РУХАНИЯТ

МӘДЕНИЕТ – ӨМІР МӘЙЕГІ

Астанада Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне арналған мәдениет қызметкерлерінің форумы басталды.

Форум аясында ҚР Ұлттық музейінде ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі мен халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының қолдауымен III Қазақстан музей конгресі өтті.

Конгресте музей жәдігерлерін қалпына келтірудің теориялық және практикалық мәселелері талқыланды. Іс-шараға Түркия, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Беларусь, Молдова елдерінің ғалымдары мен музей қызметкерлері, сондай-ақ отандық ғалымдар мен мәдениет, өнер қайраткерлері қатысты.

Конгресс аясында Консервация және реставрация жөніндегі ғылыми орталықтың, мәдениет және өнер ұйымдары мен қызметкерлерінің «Рухани қазына – 2025» республикалық фестивалінің салтанатты ашылуы өтті.

Осы күні ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында «Қолжетімді кітапханаларды дамытудағы заманауи стратегия-

лар мен цифрлық трансформация» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылса, 20 мамырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен мәдениет және өнер қызметкерлерін марапаттау рәсімі өтеді.

21 мамыр күні мәдениет және өнер ұйымдары мен қызметкерлерінің «Рухани қазына – 2025» республикалық фестивалі қорытындыланып, кәсіби мерекеге арналған салтанатты жиын гала-концертпен аяқталады. Сонымен қатар Орталық концерт залында мәдениет қызметкерлері форумының салтанатты жиыны өтеді. Оған Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин қатысады.

Форум жұмысына елдің барлық өңірінен 700-ден астам мәдениет саласының қызметкері шақырылды.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі



3-бет



**Қарасаз –
сүт өнімдерімен танымал**

5-бет



**Зорлық-зомбылыққа
бейжай қарауға болмайды**

8-бет



Тергеуші

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АНАЛАРДЫ АЛАҢДАТАТЫН МӘСЕЛЕ ОРТАҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

ҚХА Аналар кеңесінің ұйымдас-тыруымен өткен алқалы жиын-да келелі мәселелер талқыға са-лынды. Форумға арнайы келген Әзірбайжан Республикасы Милли Меджилісінің отбасы, әйелдер және балалар мәселелері жөнін-дегі комитетінің төрағасы Иджран Гусейнова «Бұл тек форум емес, бұл тұрақты даму формуласы» деп баға беріп, «Әйел – қоғамның не-гізі. Себебі, қоғамда өмір сүретін жеке тұлғаны өмірге әкеліп, қалып-тастыратын – ана. Ал, тұлға ұлт-ты қалыптастырады. Бүгінде әлем әртүрлі жағымсыз факторлардың әсерінен болатын қиындықтармен бетпе-бет келген шақта, біз әй-елдер қауымы сол қиындықтарға қарсы күш біріктіруіміз керек» де-ген ұсыныс айтты.

Аналар кеңесінің жұмысы жүйелі

Кеңейтілген форумға ҚР Прези-денті Әкімшілігі, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің құрылым-дық мекемелері, Әзірбайжан, Қыр-ғызстан, Өзбекстан және Түркия елдерінің өкілдері, ҚХА Аналар кеңесінің өңірлердегі төрағала-ры және кеңестің серіктестері, Маңғыстау облысының әкімі және билік басшылары, қоғамның бел-сенді мүшелері қатысты.

Форум Қазақстан халқы Ас-самблеясы жанындағы Аналар кеңесінің кезекті бастамасы екенін айту парыз. Кеңеске қоғам қай-раткері Назипа Шанай жетек-шілік етеді. Бұл ұйым он жылдан бергі жұмысында ұлттың тілі мен дәстүрін, тарихын бойына сіңірген, мәдениетті де өнегелі тұлға тәр-биелеуге зор үлесін қосып келеді. Аналар кеңесінің әрбір жобасы қоғамдағы өзекті мәселелерді ше-шуде ана рөліне айрықша маңыз беруімен ерекшеленеді. Бұл әрине, саналы ұрпақ тәрбиелеп, ұлт сапа-сын арттырудағы ана рөлінің маңы-зын зерделеуден туған шешім.

Расында «руың түзелсін десен, ұлыңды түзе, ұлтың түзелсін де-сен, қызыңды түзе» деген халық даналығына жүгінсек, адам бойы-на барлық қасиет, қуат ананың сүтімен, өнегесімен сіңеді. Ана жо-ғары мәдениетті игермей, қоғам алға жылжымайды. Бүкіл қоғамды алаңдатқан түрлі мәселенің жойы-лып, экономикамыздың дамып, өр-кеніет көшіне ілесуде атқарылған әрбір істің түп негізінде ана өнегесі жатыр. Сондықтан әйел өзгермей, әлем өзгермейді. Аналар кеңесінің әрбір жобасы қоғамға осы идея-ны таратып, оны жүзеге асырудың нақты әрі тиімді тетіктерін ұсыну-мен ұйымның салмағын да, пәр-менін де арттыруда. Олар бүгінде барлық өңірлерде жемісті жүзеге асып жатқан «Мәдениетті ана», «Ақ жаулық», «Салауатты сана», «Әкеме хат» және тағы басқа жо-балар.

Аты айтып тұрғандай «Мәде-ниетті ана» жобасы қыз-келіншек-тер білімін жетілдіріп, олардың бой-ында отбасылық құндылықтарды сіңіріп, дара қыздан дана анаға жетудің мектебінен өткізуді мақ-сат етсе, «Ақ жаулық» жобасы қоғамдағы озық дәстүрлер жалғас-тығындағы ана рөлін арттыруды көздейді. Ал, «Салауатты сана» жобасы елді іштей ірітетін ысы-рапшылдық, ойынқұмарлық, тұр-мыстық зорлық-зомбылық, маскү-немдік, вандализммен күресте ананың ақыл-парасатын, қай-рат-жігерін, ілкімділігін іске қос-ды мақсат етеді. Бұлардың бәрі Аналар кеңесі дайындап, таратқан әрнайы әдістемелік нұсқаулықтар арқылы жүзеге асады.

Әр жоба – қоғамдағы тұрақтылық формуласы

Кез келген адамға анадан жақын, анадан жанашыр, анадан мейірімді ешкім жоқ. Уақытында ақ жаулығымен қанқұйлы соғыс-



ты да тоқтатқан аналық махаббат қоғамдағы кез келген келеңсіздік-тің алдын алып, тосқауыл қойып, жоюға қабілетті. Ең бастысы ана-лар өз мүмкіндігін танып, оны қа-лай дамытуды, пайдалануды білу керек. Аналар кеңесі өз жобалары арқылы барша аналарды осындай қоғамның көшін түзейтін ұлы іске жұмылдыруда. Ұйым ұйымдас-тыратын әр жобаны қоғамдағы тұрақтылық формуласы деп ба-тыл айтуға болады. Мұны әрине, Ақтауда өткен алқалы жиында бір-ден аңғарып, санамызға шегелеп кетті.

Қонақтар қоғамдағы тұрақ-тылықтың негізі – аналар құқы, олардың қоғамдағы орны жайлы әңгіме қозғады. Аналар зердесі, аналар білімі, аналар теңдігі ел мүддесін ерлікпен қорғаған оғы-ландар патриоттығының негізі екенін, барлық жеңістің, жетілү-дің өн бойында ана жанкештілігі, ана парасаты, ана жігері жатқанын дәлелді дәйек, тарихи фактімен дәйектеген форумның құндылығы жоғары. Мазмұнды жиын әр әйел-дің рухын көтеріп, ой салуымен қа-тар, жауапкершілікті арттырғаны анық. Мұндай әңгімелер салауатты сана үшін әрдайым қажет.

Білімді ана өнегелі ұрпақ тәрбиелейді

Қуаныштысы сол, біздің еліміз-дегі әйелдер жағдайы бауырлас елдерге қарағанда әлдеқайда ар-тық екен. Мұны шетелдік қонақтар-дың әңгімесінен пайымдадық. Бар-лығы салыстыру арқылы белгілі болады. Түркі елдерінің кейбірінде әйелдердің білім алу, мемлекеттік қызметке араласу, қоғамда бел-сенді болу, тұлғалық даму еркіндігі бойынша көрсеткіштері біздің ел-ден біршама төмен болып шықты. Мәселен, Түркияда жоғары білім алған әйелдер саны 20 пайыз екен. Біздің елде бұл көрсеткіш 60 пайызды қамтыса, орта білімді әйелдер 100 пайызға тең. Сон-дықтан да болар бұл елде әйел-дердің заңшығарушы ұйымындағы үлесі жиырма пайызға жетпейді. Ал, біздің еліміз бұл көрсеткішті әлдеқашан бағындырып, бүгінде оны 30 пайызға көтеруге талпыныс жасауда. Бұған қол жеткізу маңыз-ды. Өйткені, жиын тізгінін ұстаған Қазақстан халқы Асамблеясы жа-нындағы Аналар кеңесінің төрай-ымы Назипа Шанай айтқандай, бұл әйелдердің дауысын билікке жеткізіп, ел тағдырындағы рөлін сезіндіру үшін қажет. Осы орайда Назипа Ыдырысқызы ортаға салған қызықты дерек те әйелдер мәде-ниетін, білімін, қоғамдағы орнын арттырудың маңызын айғақтай түсті. Төрайым түбі бір түркі ел-дерін біріктіретін ислам діні екенін айта келіп, осы дініміздің негізгі отаны – Сауд Арабиясының әйел білімді болу керек деген саясатты ұстанатынына назар аудартты. На-зипа Ыдырысқызының айтуынша, бұл ел өздерінің қыздарын әлем-дегі ең жоғары оқу орындарында оқытады екен. Бірақ олар еш жер-де жұмыс істемейді. Мұндағы мақ-сат – саналы ұрпақ тәрбиелеу. Бұл араб елдерінің салауатты ұл-қыз тәрбиелеу үшін аналардың білімді



болуы керектігін терең ұғынғанын көрсетеді. Соның нәтижесінде араб жұртшылығы әлем халқын өзінің байлығымен де, мәдениетімен, де жетістіктерімен де табындырып отыр. Біздің аналарымыз да білім арқылы жоғары мәдениетке жетіп, саналы, өркеніетті қоғам қалып-тастыруы қажет.

Әке мейірімінен тыс қалған балалардың көңілі жүдеу

Жиындағы жасалған баянда-маның бірінде ана мен бала құқы қозғалды. Бұл орынды еді. Өйт-кені, елімізде аналар мен балалар құқығы жиі бұзылады. Мәселені форумға қатысушылар назарына ұсынған Астана қаласы бойынша Адам құқықтары жөніндегі өкіл Баян Жалмағанбетованың ай-туынша, тұрмыстық зорлық-зом-былықтың бір салдары – алимент төлеу мәселесі өзекті болып тұр. Шайқалған шаңырақта жардың тірегінсіз қалған әйел, әкенің мейірімінсіз қалған балалар жоқшылықта аш, жүдеу тіршілік кешуге мәжбүр. Бұл ана үшін де, бала үшін де екі есе соққы. Өкініш-ке қарай, жауапсыз әкелердің сал-дарынан ана мен бала осындай жан жарасымен қоса, тіршілік азабын арқалауда. Мұндай балалардың ертеңі қандай болмақ? Бұл жағдай атқарушылық өндіріс саласындағы қадағалау мен бақылау тетіктерін күшейтудің қажеттілігін көрсетеді. Сонымен қатар, азаматтардың заң-ды құқықтарын қорғау мақсатында жеке сот орындаушылардың кәсіби жауапкершілігін арттыру маңыз-ды екендігін ұқтырады. Кәметке толмағандардың құқықтары – адам құқықтары жүйесінің ажырамас бөлігі және оларды қорғау кез кел-ген мемлекеттің басым міндеті бо-луға тиіс.

Зорлық-зомбылықтан зардап шеккендер қолдауға зәру

Жалпы Қазақстанда халықара-лық стандарттар мен келісімдер-ге негізделген баланы құқықтық қорғау үшін жеткілікті заңнамалық база қалыптастырылды. Бала құқықтары туралы конвенцияны қоса алғанда, 16 халықаралық құжат ратификацияланды. 2024 жылы Қазақстанда балалардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша жұ-мыс жалғастырылды. Зорлық-зом-

былықтан зардап шеккен бала-лар қажетті көмек пен қорғауды ала алатын дағдарыс орталықта-ры белсенді жұмыс істейді. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің аты-на былтыр кәмететке толмаған-дардың құқықтарын қорғау туралы 230 өтініштің басым бөлігі Омбуд-сменнің атына келіп түсіпті.

Жетісу облысы бойынша уә-кілетті өкілдің балаларды оңалту мекемелерінің біріне – жартылай стационарлық үлгідегі әлеумет-тік қызметтер көрсететін орта-лыққа баруы барысында бірқатар заңбұзушылықтар анықталды. Атап айтқанда, мүгедектіктің 3-тобы белгіленген балаларды ме-кемеден заңсыз шығару фактілері белгілі болды. Бұл жағдай бала-лардың конституциялық құқықта-рының жүйелі түрде бұзылуы ретінде бағаланды. Анықталған құқық бұзушылықтарға байланыс-ты өкіл әкімдікке ұсыныс жасап, жартылай стационарлық үлгіде-гі әлеуметтік қызмет көрсететін ұйымдар қызметінің құқықтық рет-телуін жетілдіру мақсатында тиісті ұсыныстарды Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне



жолдауды ұсынды. Министрлік бұл ұсынысты қарастырып, нәтиже-сінде барлық жергілікті атқарушы органдарға қолданыстағы заңнама нормаларына түсіндірме жолда-ды. Аталған түсіндірмеде мүгедек-тіктің 3-тобы бар балалардың қатты жетілдіру мақсатында үлгідегі әлеуметтік қызметтерді алуға то-лық құқығы бар екені нақты көр-сетілген. Бұл мәселенің негізінде балалардың құқықтарын қамтама-сыз ету жүйесінде кемшіліктер бар екені белгілі болды. Осыған байла-нысты жергілікті атқарушы орган тарапынан ақпарат барлық тиісті ведомстволық мекемелерге жол-данып, жағдайды түзету бойынша шаралар қабылданды.

Тілдеспудің соңы туыстықтан кетіреді

Форумға қатысушылар Аналар кеңесінің өңірлерде жүзеге асып жатқан отбасының беріктігіне ықпал ететін жобалары жайлы білді. Олардың бірі «Әкеге хат» деп аталады. Бір қарағанда, қа-рапайым шара көрінгенімен, әкеге хат жазу әке мен бала арасында диалог орнатып, бір-біріне арма-ны мен тілегін жеткізуге жол аша-ды. Осының арқасында ажырасу алдындағы бірнеше отбасы сақта-лып қалған.

Форумда енді «Әкенің хаты» де-ген жобаны жүзеге асыру жайлы ұсыныс айтылды. Расында бүгін-де көптеген отбасыларда ешкім тыңдалмайды. Әркім өзімен өзі. Өзара диалог жоқ. Бала дауысы естілмейді. Әке тілегі ескерусіз қа-латын сәт те аз емес. Әйелдер де кімге мұң шағарын білмей жүреді. Себебі тыңдалмай қалудан қорқа-ды. Еленбей қалудан жасқанады. Осылайша бір-бірінен алшақтап, оның соңы жұбайлардың екі жаққа кетуіне алып келіп жатады. Бұдан бәрінен бұрын зардап шегетін – бала. Бала әкеден сенім, анадан мейірім ала алмай жаны жаралы болып өседі. Мұндай балалардың толыққанды азамат болып ерже-туі неғайбыл. Абьюзер, агрессор, педофилдер көбіне көп осындай балалардан шығатыны дәлелденіп отыр. Сондықтан отбасы мүше-лерінің бір-біріне хат жазуы олар-дың арасын байланыстырып, сөй-лесіп, туындаған мәселені бірге талқылап, ортақ түсінікке келуіне жетелейтіні ақиқат.

Кезінде Англияның президенті Черчилльдің әйелі үнемі күйеуіне хат жазғанының арқасында қыр-

сық, аузынан темекісі түспейтін, арақ-шарапқа құмар Уинстонмен тіл табысын, онымен 57 жыл бірге сүрген екен. Демек, өзіңді тыңдату – отбасындағы мәселені шешудің жолы ретінде хат жазу жобасы от-басының айнымас дәстүріне ай-налса, одан тек ұтатынымыз анық.

Ойынқұмарлық – ауру

Жиында қызу талқыланған мәселенің бірі – лудомания. Осы тақырыпта баяндама жасаған психолог-психотерапевт Серікгүл Салидың сөзінен түйгеніміз, ой-ынқұмарлық – ауру. Бұл дертке ұшырағандардың 70 пайызы ар-найы мамандардың көмегіне жүгін-ген жағдайда емделеді. Өкінішке қарай, көпшілігі мұны ауру ретінде қабылдамайды. Әсіресе, ата-ана-лар бұл еріккендік немесе бетімен кетушілік, жауапсыздық деген ил-люзияда болады да, лудоманияға ұшыраған адамдарға өз бетінше шара қолдана бастайды. Жазалай-ды, үйленбей жүрсе үйлендіреді, жұмысқа жегеді және тағы басқа әрекеттер жасайды. Бұл лудоман-дар жағдайын одан сайын ауырла-тады. Олар түскен батпағына бата түседі. Сондықтан оларды емдеу керек.

Жалпы лудоманияға ұшыраудың бірнеше себебі бар. Ол балалар-ды ата-анасының мойындамауы, ата-аналардың бір-бірімен түсінісе алмай, балаларына бір-бірін жа-мандауы, қатыгездік немесе тым мейірімділік, жауапкершілікті сезіндірмей, өз бетінше шешім қабылдауға үйретпей тәрбиелеу, дұрыс талап қойып, пайдалы дағ-дылар қалыптастырмау. Токетерін айтқанда, отбасындағы тәрбиенің, ондағы қарым-қатынастың дұрыс болмауы – бүгінде оң-солын таны-маған жеткіншек баладан бастап, көшелі азаматтарға дейін құрығы-на түсіріп жатқан лудоманияның салды себебі. Сондықтан мәселенің бастарымен емес, себебімен күре-су маңызды. Форум қорытындысы бойынша ойынқұмарлықтың алдын алуға арналған әдістемелік құрал әзірлену жоспарланды

Адамзат тәрбиесінде шекара жоқ

Қоғамда барлық келеңсіз құ-былыстың түп тамырында отбасын-дағы дағдарыс жатыр. Шаңырақ беріктігі, ұрпақ саулығы мен тәр-биесі үшін жауапкершілікті сезіну, бала үшін бірге болып қана қоймау, әрдайым, өсу, өзгеру, бірі-бірін түсінуге ұмтылу – отбасы берікті-гінің бірден-бір кепілі. Осы орайда Назипа Ыдырысқызы айтқандай, қыз-жігіттердің үйленбей тұрып, отбасын құруға алдын ала арнайы дайындық курстарынан өтуі, мұны неке сарайларында қолға алу өте маңызды. Өйткені, халқымыз ай-тқандай, «үйлену оңай, үй болу қиын». Шаңырақ көтергенге дейін қыз бен жігіт болып сыыласқан жас жұбайлар үй болған кезде өмірден тәжірибесі жоқ болғандықтан түкке тұрғысыз мәселеде ортақ тіл таба алмай жатады. Оның соңы ажы-расуға әкеледі. Сондықтан жастар осындай сәттерге дайын болып, дұрыс шешім қабылдай алу үшін белгілі бір дағдылар мен білімді арнайы игеруі керек. Бұдан қаржы аямау керек. Өйткені, шаңырақтың беріктігі – қоғамның тұрақтылығы. Қоғамда орнықтылық болғанда ғана даму, өркендеу болады.

Осылайша форум адамзаттық ортақ мәселе талқыланып, ұтымды ұсыныстар ортаға салынған сын-дарлы сұхбат алаңы болды. Бұл әрине, ҚХА Аналар кеңесінің рес-публика шеңберінен шығып, халықаралық деңгейде жұмыс істеуге мүмкіндік алған әлеуетін көрсетсе керек. Мұны әр қатысушы түйсін-ді. Тіпті қазақстандық аналармен «келісіп пішкен тонның келте бол-мастығын» ұққан Түркия консулы Түркі елдерінің Аналар құрылы-мын құру жөнінде ұсыныс айтты. Әрине, орынды бастама. Өйткені, адамзат тәрбиесінде шекара жоқ. Аналарды алаңдататын мәселе ор-тақ. Олай болса, бұл бағыттағы жұмыстың қолға алынып, жүзе-ге асуы ұлт, ұрпақ тәрбиесінде-гі жоқтың түгенделіп, барының жетіле түсуіне қызмет етері сөзсіз.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

«ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП»

КИБЕРАЛАЯҚТЫҚ – ЗАМАН ҚАСІРЕТІ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Облыс әкімдігі, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, зиялы қауым, банк қызметкерлері, кредиторлық мекемелер мен басқа да тұлғалар қатысып, ашық пікір алмасу орын алды. Статистикаға көз жүгіртер болсақ, облыстық полиция департаментінде құрылған киберпол басқармасының қызметкерлерімен «интернет-алаяқтық» қылмыстарының 113 дерегі сотқа жолданды. 3 қылмыстық топ құрықталып, олардың 38 эпизодты қылмыстық іске қатыстылығы анықталды. Нәти-

жесінде жәбірленушілерге 269 млн теңге қайтарылды.

Сондай-ақ 200-ден астам қылмысқа қатыстылығы бар 13 күдікті-ден тұратын ұйымдасқан қылмыстық топ құрықталып, сотқа дейінгі тергеу жалғасуда. Қылмыспен күресудің тиімді тәсілі – профилактика десек, Полиция департаменті мен Халықаралық қазақ-түрік университеті арасында жасалған меморандум аясында, полиция қызметкерлері мен студенттер бірлесіп «Кибернадзор» жүйесі арқылы 2 мың құқыққа қайшы контентті бұғаттады.

Бұл шаралардың барлығы халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру мен алданып қалудан сақ болуы мақсатында жасалуда. Айта кету керек бұл іс-шара облысқа қарасты 17 ауданда жалғасатын болады. Форум соңында елімізге белгілі әнші Еркін Нұржанов рухты ән шырқап, салтанатты шара концерттік бағдарламаға ұласты.

Раушан НАРБЕК



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

Құқықтық кеңістіктегі ЖИ-дің рөлі ауқымды

Нархоз университетінде «Цифрлық трансформация: құқық, басқару және халықаралық қатынастар салаларында жасанды интеллект пен үлкен деректердің рөлі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Шара аясында Жапония, Польша, Дания, Түркия, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Әзірбайжан елдерінен мемлекеттік билік өкілдері, халықаралық ұйымдар, үкіметтік емес құрылымдар мен академиялық орта мамандары бас қосты.



дарттар аясында баяндама жасады. Конференцияда үш бағыт бойынша дөңгелек үстел отырыстары ұйымдастырылды: цифрлық трансформация дәуіріндегі құқық, мемлекеттік басқарудың трансформациясы, халықаралық және ішкі саяси процестердегі жасанды интеллект пен үлкен деректердің ықпалы. Әрбір отырыста цифрлық технологиялармен байланысты адам құқықтары, деректердің қауіпсіздігі, климаттың тұрақтылығы, цифрлық істі құқықтық реттеу және заңнаманы үйлестіру мәселелері талқыланды.

Іс-шара соңында қатысушылар нақты ұсыныстар қабылдады. Олар жасанды интеллект пен үлкен деректерді құқықтық реттеудегі сын-қатерлерді анықтап, ұлттық заңнамаларды үйлестіру, ғылыми зерттеулерді қолдау, университеттер мен зерттеу орталықтарымен ынтымақтастық орнату, ЖИ технологияларын жауапты әрі қауіпсіз қолдануға қатысты ұсыныстарды қамтыды. Конференция жұмысына заңгерлер, докторанттар, магистранттар, мемлекеттік басқару



өтті. Ол өз сөзінде ЖИ-дің қазіргі уақытта қарқынды дамып жатқанын, әсіресе медицина саласында үлкен мүмкіндіктер ашып отырғанын атап өтті. Мәселен, күрделі диагноз қою, жеке емдеу жоспарын әзірлеу, созылмалы аурулардың алдын алу және пациенттермен қашықтан жұмыс істеу сынды бағыттарда ЖИ технологияларын тиімді пайдалануға болады. Оның айтуынша, мұндай жаңашылдықтар денсаулық сақтау жүйесін қолжетімді әрі сапалы етуге мүмкіндік береді.

Варшава университетінің профессоры Ярослав Турылковский қазіргі құқықтық кеңістіктегі ЖИ-дің орны туралы өз ойымен бөлісе, Астанада онлайн қосылған профессор Мүслим Хасенов еңбек құқығы мен халықаралық стан-

және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері, шетелдік сарапшылар мен зерттеушілер белсене қатысты. Конференция қорытындысы бойынша арнайы мақалалар жинағы жарық көреді деп жоспарланған.

Бұл конференция Нархоз университетінің цифрлық трансформация саласындағы ғылыми және практикалық бастамаларды қолдау жолындағы маңызды қадамдарының бірі болды. Іс-шара цифрлық технологияларды тиімді әрі әділетті пайдалану мәдениетін қалыптастыруға, халықаралық деңгейде диалог пен ынтымақтастықты нығайтуға сеп болды.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

КӘСІП

Алматы облысы Райымбек ауданы Қарасаз ауылындағы «QARASAZ FOOD» ЖШС-нің сүт өнімдері қазір Алматы облысы ғана емес, Алматы қаласында да танымал бола бастады. Экологиялық жағынан таза, табиғи сүттен жасалған майдың 200 тоннасы былтыр тіпті Ресейге де экспортталған болатын. Өндіріс орны бұл үрдісті биыл да жалғастыруды жоспарлап отыр.

ҚАРАСАЗ – СҮТ ӨНІМДЕРІМЕН ТАНЫМАЛ

«Табиғи өнімдер болғаннан кейін сұраныс көп. Мұнда майлылығына қарай сүт пен айранның 2,5 және 3,2 пайыздық, қаймақтың 15 және 20 пайыздық, майдың 72 және 82 пайыздық түрлері, сондай-ақ қатық, құрт, ірімшік, сүзбе өндіріледі. Қазір тәулігіне 15 тонна сүт өңдеп жатырмыз. Жаз кезінде оның көлемі 30 тоннаға дейін ұлғаяды. Шикізаттың бәрі Райымбек, Кеген аудандарынан жиналады. Болашақта Ұйғыр ауданының елді мекендеріне сүт жинайтын танкерлер қоюды жоспарлап отырмыз», – дейді «QARASAZ FOOD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өндірістік директоры Еркін Ержан.

Еркін Айбарұлының сөзіне қарағанда, олар тұрғындардан жиналатын сүтті майлылығына қарай 170-200 теңгеден сатып алады. Оны өндіріс орнында өңдеп 15 түрлі дайын өнім шығарады. Отандық өндірістің жергілікті тұтынушылар алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін өз қызметінің басты ұстанымына айналдырған серіктестік халықты сапасы жоғары, бағасы қолжетімді сүт өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында нарықтағы ең төменгі бағаны қойып отыр. Мәселен, жер-жерде ашылып жатқан сауда орындарында майлылығы 3,2 пайызды құрайтын 1 литр сүт өнімінің бағасы 340 теңгені құрайды.

«QARASAZ FOOD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өндіріс орнында қазір күндізгі және түнгі ауысымда 14 адам жұмыс істейді. 15 адам сүт жинаумен айналысады. Тағы 10 адам сауда нүктелерінде қызмет жасайды. Мамандардың айлығы 200 мың теңгеден басталады.

Тәулігіне 40-45 тонна сүт өңдеуге қауқарлы кәсіпорын қазір шикізаттың тапшылығынан өз қуатын толық пайдалана алмай отыр. Бұл тығырықтан шығу үшін енді кәсіпорын алдағы уақытта 400 бас сауын сиыр сатып алып,

жеке ферма ашуды жоспарлауда.

Дауылпаз ақын Мұқағали Мақатаевтың туған өңірі саналатын қасиетті елді мекенді «Қарасаз» деген сүт өнімдерімен де күллі республикаға әйгілі етсек деген асқақ арманды алдына мақсат етіп, қойған серіктестік табысты емес, абыройды бәрінен биік қойып отыр. Өндіріс орнының құрылысын 2022 жылдың күзінде аяқтап, 2023 жылдан бастап өз қызметін бастаған кәсіпорынның 1 жылдық ішінде сыртқы нарықтан да өз тұтынушыларын табуы оның болашағы зор екенін тағы да дәлелдей түседі. Серіктестіктің өндірістік директорының айтуынша, биыл да кәсіпорын былтырғы көрсеткішін кемітпей Ресейге тағы 200 тонна май экспорттауды жоспарлауда.

Статистика бойынша Райымбек ауданында 2023 жылы – 55997, 2024 жылы – 56 865 бас ірі қара болған. Биыл бұл сан жыл басында 57 298 басқа жеткен. Яғни, сүт өнімдерін өңдеу кәсіпорнын шикізатпен қамтуға ауданда мүмкіндік бар.

Бұған дейін жеке шаруашылықтар мен түрлі қожалықтар мал өнімін өңдейтін кәсіпорындардың жоқтығын айтып, барлық мәселені соған тірейтін еді. Енді жергілікті әкімдіктің қолдауымен мемлекеттік бағдарлама арқылы субсидия алған жергілікті кәсіпкер оларды бұл тығырықтан шығарып отыр. Егер «ортақ өгізден оңаша бұзау артық» демей, Райымбек ауданындағы алғашқы сүт өңдеу кәсіпорнын өңірдегі барлық елді мекендердің әкімдері ары қарай қолдап, халықты бұл іске жұмылдыратын болса кәсіпорын ауданның сырттан әкелінетін сүт өнімдерінің орнын толтыруға әлеуеті толығымен жетеді. Тіпті, қажеттілік болып жатса облыстың өзге аудандары мен Алматы қаласындағы тұтынушылардың да сұранысын белгілі бір деңгейде қамтамасыз етуге мүмкіндігі бар.

С. ӘЙТЕНОВА

«ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ»

МАРАФОН-БӘЙГЕНІҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АНЫҚТАЛДЫ

Алматы облысында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған халықаралық «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесі өтті. Оған тек Қазақстаннан ғана емес, көршілес Қырғызстан, Иран және Ресейден бөлек, Оңтүстік Африка Республикасы мен Венгриядан да командалар қатысты. Атап айтқанда жарыс жолына шыққан 19 команданың 13-і – Қазақстан өңірлерінен, алтауы шет елдерден болды. Олар бес күн ішінде 500 шақырымдық дала жолын басып өтті.

Жарыстың ашылу рәсімінде Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев: «Ұлы дала жорығы – бұл жай ғана спорттық жарыс емес. Бұл – ұрпақтар арасындағы рухани сабақтастықты жалғап, тарихи жадымыз бен ұлттық рухты жаңғыртатын маңызды алаң. Біз осы марафон арқылы ата-бабаларымыздың бай мәдениетін дәріптеп, өңіраралық және халықаралық ынтымақтастықты нығайтамыз», – дегенді айтты. Ал сенатор, «JORYQ» федерациясының құрметті президенті Дархан Қыдырәлі: «Ұлы дала жорығы – бұл жай ғана бәйге емес, ата-бабалар жүріп өткен жолмен қайта сапар шегетін тарихи экспедиция. Бұл – көшпелі өркениеттің рухын сезіну, уақыттар арасындағы байланысты нығайту және ұлттық мұраны келер ұрпаққа аманаттау», – деді.

Алматы облысы Іле ауданы Ақши ауылы маңынан басталған марафон Қонаев қаласында өз мәресіне жетті. Тартысты өткен бұл жарыста 31:19:05 уақыт көрсеткішімен Қостанай жылқы тұқымын тізгіндеген Астана қаласының шабандоздары жеңімпаз атанды. 2-3 орынды Қырғыз Республикасының I командасы (32:26:57) мен Ұлытау облысының командасы (32:33:00) бөлісті. Бестікті Маңғыстау және Алматы облысының командалары түйіндеді. Жалпы, бұл жарыста 19 команданың алтауы ғана мәре сызығын кесіп өтті.



облысының қыздардан құралған командасы түйіндеген.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ҚР Конституциялық Сотының қаулыларының орындалу мәселесі әлі де өзекті болып отыр. Конституциялық бақылау құқықтық жүйенің маңызды институты ретінде көптеген елдерде жұмыс істейді және Конституцияның үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған. Оның тиімділігі көбінесе Конституциялық сот шешімдерінің қаншалықты толық әрі уақытылы орындалатынына байланысты.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ ШЕШІМДЕРІНІҢ ОРЫНДАЛУЫ ЕЛДЕГІ ЗАҢДЫЛЫҚТЫ НЫҒАЙТАДЫ

Қазақстанда конституциялық бақылауды Конституциялық Сот жүзеге асырады. Оның нормативтік қаулылары Конституцияның 4-бабының 1-тармағына сәйкес құқықтың қолданылатын көздеріне жатады және барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, лауазымды тұлғалар мен азаматтар үшін міндетті.

Конституцияның 74-бабына сәйкес, бұл шешімдер қабылданған сәттен бастап күшіне енеді, ол түпкілікті және шағымдануға жатпайды. Соған қарамастан, тәжірибеде бұл шешімдердің орындалмауы немесе кешіктіріліп орындалуы жиі кездеседі. Бұл жағдай конституциялық әділет институтының тиімділігіне күмән келтіреді.

Мұндай проблема себептерінің бірі – тиісті шешімдерді іске асыруға қатысатын органдар арасындағы, әсіресе заң шығару үдерісіне қатысты үйлесімділіктің жеткіліксіздігі.

Халықаралық тәжірибеде осындай мәселелер конституциялық соттардың шешімдерін орындауды қамтамасыз ететін құқықтық тетіктерді енгізуге себеп болды. Алайда, бұл шешімдерді мәжбүрлеп орындату олардың табиғатына қайшы келуі мүмкін. Конституциялық соттардың шешімдері атқарушы күшке емес, олардың беделі мен құқықтық негізділігіне сүйенеді. Мұндай жағдайларда әкімшілік шараларды қолдану шектеулі әрі әрдайым орынды бола бермейді.

Конституциялық Сот шешімдерін жүзеге асыру нақты субъектілердің заңнамада белгіленген рәсімдер аясында әрекет етуін талап етеді. Алайда соттың өзінде мұндай мәжбүрлеу тетіктері жоқ, сондықтан шешімдердің орындалуы атқарушы және заң шығарушы билік органдарымен өзара іс-қимылға тікелей байланысты.

Осы мәселелерді шешу мақсатында биыл 26 наурызда Үкімет өз регламентіне өзгерістер енгізді. Атап айтқанда, Конституциялық Сот шешімдерінің орындалу барысы туралы ақпарат жинауды үйлестіру міндеті Әділет министрлігіне жүктелді және тиісті ақпаратты ұсынудың бірыңғай тәртібі бекітілді. Сондай-ақ, Әділет министрлігіне шешімдерді орындау мерзімдерінің бұзылу ықтималдығы туралы Үкімет аппаратына ақпарат беру және жауапты лауазымды тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізу құзыреті берілді. Бұл шаралар Конституциялық Сот шешімдерінің орындалу барысын жүйелеуге, олардың орындалу сапасын арттыруға және елде конституциялық заңдылықты нығайтуға бағытталған.

Ерік АСАНОВ,
ҚР Бас Прокурорының
аға көмекшісі,
аға әділет кеңесшісі

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

ЦИФРЛЫҚ СОТ ТӨРЕЛІГІ – ТИІМДІ ТӘСІЛ

Қазіргі заманғы технологиялар адам өмірінің барлық салаларын, соның ішінде құқық қорғау және сот жүйесін де түбегейлі өзгертіп жатыр. Цифрлық сот төрелігі – бұл сот әділдігін жүзеге асыруда жаңа технологияларды қолдану арқылы процесті жеделдету, ашықтықты арттыру және азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімділігін жоғарылату құралы.

Цифрлық сот төрелігі – бұл сот процестерінің автоматтандырылуы мен цифрландырылуын, соның ішінде электрондық құжат айналымы, онлайн-тіркеу, бейнебайланыс арқылы тыңдаулар, жасанды интеллект элементтерін қолдану секілді механизмдерді қамтитын тұтас жүйе. Бұл жүйелердің мақсаты – сот өндірісінің тиімділігін арттыру, процестің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету, сот процесіне қатысушылардың уақытын және шығындарын үнемдеу, адам факторы әсерін төмендету.

Қазақстандағы цифрлық сот төрелігінің даму бағыттары Қазақстанда «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында сот жүйесін цифрландыру белсенді жүргізілуде, яғни сот саласындағы «Төрелік» ақпараттық жүйесі арқылы сот құжаттарын онлайн беру және қадағалау, TrueConf, ZOOM платформа-

Нұржамал ЕРНИЯЗОВА,
Шалқар аудандық
соты әкімшісінің
басшысы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ТАРАЗЫ

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ

АРДАГЕРЛЕР – ТАРИХТЫҢ ТІРІ КУӘГЕРІ

2025 жылы адамзат тарихындағы ең ауыр соғыстың аяқталғанына 80 жыл толып отыр. Бұл – ел тарихындағы ең қасиетті күндердің бірі. Бұл – жай ғана тарихи күн емес, жүректерге мәңгі өшпес із қалдырған ерліктің, азаттықтың, бейбіт өмірдің нышаны. Қазақстан халқы үшін бұл күн – ұлттың жадын жаңғыртатын, рухты асқақтататын қасиетті мереке.



Ж.ЕСЕНОВ,
Батыс Қазақстан облысының
мамандандырылған
ауданаралық
экономикалық соты
әкімшісінің басшысы

Жеңіс жолында Қазақстаннан 1,5 миллионға жуық азамат майданға аттанды. Олардың жартысына жуығы елге оралмады. Тылдағы ер-азаматтар, аналар мен балалар майданға азық-

түлік, киім-кешек дайындап, Жеңіс үшін аянбай тер төкті. Қазақстан жері эвакуацияланғандарды паналап, әртүрлі ұлттардың жүздеген мың адамдарының екінші үйіне айналды. Республикада әскери зауыттар, госпитальдар орналастырылды, онда жеңіс дабылы соғылды. Бұл – бүкіл халықтың ортақ ерлігі, жанқиярлық пен Отанға деген сүйіспеншіліктің айғағы.

80 жылдық – батырларды еске түсіруге ғана емес, оның сабақтарын түсінуге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда әлем қайтадан жаһандық сын-қатерлерге тап болған кезде, біз бейбітшілік, бірлік және гуманизмнің қаншалықты маңызды екенін ерекше түсінеміз. Тарих көрсеткендей, өткен трагедиялар қайталанбауы керек, демек, біз сол оқиғаларды жаңа ұрпақ есте сақтауға, тарихи шындықты нығайтуға және оны бұрмалау әрекеттеріне қарсы тұруға міндеттіміз. Бүгінгі ұрпақ аға буын-ардагерлер танытқан қаһармандық пен қайсарлықтан үлгі алып, бой түзейді. Осынау ерлікке толы күндер тарихымыздың мәңгілік ұмытылмас парағы болып қала бермек.

Бүгінгі тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі мен елордамыздың гүлденуі де – осынау мерекенің жемісі.

КӨЗҚАРАС

ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІҢ НЕГІЗДІ БОЛУЫ МАҢЫЗДЫ

ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 111-бабына сәйкес, заңды түрде алынған, олардың негізінде анықтау органы, анықтаушы, тергеуші, прокурор, сот осы кодексте айқындалған тәртіппен ҚР Қылмыстық кодексінде көзделген іс-әрекеттің бар екенін немесе жоқ екенін, күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының бұл әрекетті жасағанын немесе жасамағанын, оның кінәлілігін не кінәсіздігін, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтайтын нақты деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер делінеді.

Қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар нақты деректер: күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің, қорғалуға құқығы бар куәнің, сарапшының, маманның айғақтарымен; сарапшының, маманның қорытындысымен; заттай дәлелдемелермен; процестік әрекеттердің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен белгіленеді.

Сотталушының кінәлілігі не кінәсіздігі бұлтартпас дәлелдемелер жиынтығы негізінде ғана анықталуы тиіс. Сот үкімінің негізіне сотта зерттелген дәлелдемелер жиынтығы ғана алынады.

Сот практикасынан қылмыс түрлеріне қарай істер бойынша өзіндік дәлелдемелер жиынтығы қалыптасатынын байқаймыз. Мысалы, адам өлтіру дерегі бойынша негізгі дәлелдемелер қатарына жарақат түрін, дәрежесін, ауырлығын, немен алынғанын анықтайтын сот медициналық және басқа са-

раптамалар қорытындылары, қылмыс қаруын, қылмыс іздерін анықтайтын айғақтар жатады.

Ал есірткі, психотроптық заттарға қатысты қылмыстық істер бойынша негізгі дәлелдемелер қатарына есірткі, психотроптық заттардың түрін, салмағын анықтайтын сарапшы қорытындыларымен қатар ұялы телефондағы мәліметтер, хат алмасулар да кіреді.

Мысалы, алу жүргізу туралы хаттамаға сәйкес жуырда сотталушыдан «Samsung Galaxy» маркалы ұялы телефоны алынған.

Заттар мен құжаттарды қарап-тексеру хаттамасына сәйкес криминалист маманның қатысуымен ұялы телефон «Samsung Galaxy» маркалы телефонның ішкі бөлігін, яғни «Галерея» қосымшасынан 2023 жылғы 8 маусымда түсірілген координаттары көрсетілген 15 дана фотосурет анықталған. Әрі қарай «Телеграмм» мобиль-

ді қосымшасын қарау барысында 2 аккаунт тіркелгені анықталған. №1 аккаунт атауы «А.Актобе». Оны қарау барысында «Maks» аккаунт қолданушысымен 2023 жылдың 25 қаңтарынан бастап хат алмасулары анықталған. Хат алмасулар психотропты заттардың орналасқан жерлерінің координаттары мен фотосуреттерінен тұрады және телефон иесінің есірткі затын тасымалдау жұмыстарының есебінен тұрады. Телефоннан алынған жазбалар, суреттер хаттамаға фототаблица түрінде тіркелген, заттай дәлелдеме ретінде танылған.

Сотта «Samsung Galaxy» маркалы телефонның мазмұнын зерттелді, телефонның сотталушыға тиесілі екені, телефондағы хабар алмасулар, іске тіркелген фото таблицалармен сәйкес келетіні анықталды.

Судья дәлелдемелерді, олардың жиынтығына негізделген өзінің ішкі наным



бойынша заң мен ар-ожданнан басшылыққа ала отырып бағалайды. Ішкі наным бойынша дәлелдемелерді бағалау дәлелдемелердің нанымдылығы, мәліметтердің ақиқаттығы немесе жалғандығы, олардың жиынтығында түпкілікті, дұрыс тұжырым жасау мен шешімді негіздеу үшін жеткіліктілігі туралы мәселелерді судьяның тікелей өзі ғана шешетінін білдіреді.

Осындай іс бойынша жинақталған дәлелдемелерге баға беру судья қызметінің ең басты міндеті, себебі оның артында тікелей адам тағдыры тұр.

Ж.САЙМАНОВА,
Ақтөбе облысының
қылмыстық істер
жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
бас маманы-сот
отырысының хатшысы

ИГІ ШАРА

КЕҢСЕ МАМАНДАРЫ ЖҮЛДЕЛІ БОЛДЫ

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының кеңсе мамандары Ақтөбе облысы Тілдерді дамыту басқармасы Тілдерді оқыту орталығының ұйымдастыруымен ҚР Тіл саясатын дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мақсатында тіл курсына қатысушы мекемелер арасында «Quiz ui» атты интеллектуалды ойынға қатысты.

Зияткерлік сайыста қатысушылар түрлі бағыттағы логикалық, танымдық сұрақтарға жауап беріп, білімдерін сынады. Сайыс қызу, тартысты өтті. Ал қатысушылар ерекше әсер алып, көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты. Осы секілді сайыстарға жиі қатысуға ниеттерін білдірді.

Нәтижесінде;

I орынды ҚР Ұлттық ұланы № 6655 әскери бөлімі;
II орынды М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты мен «KEGOC» АҚ Ақтөбе филиалы;
III орынды Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының кеңсе мамандары иеленді.
Орталық ұйымдастырған «Quiz ui» интеллектуалды ойыны тыңдаушыларымыздың зияткерлік, тілдік әлеуеттерін арттырып, мекемеаралық серіктестігімізді нығайтуға ықпал етті.

Ақтөбе облысының
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының баспасөз қызметі

ПӘРМЕН

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа бейжай қарауға болмайтын уақыт көрсетті. Әсіресе, аналар мен балалардың тұрмыстық зорлық құрбанына айналуы жалпы қоғамды алаңдатпай қоймады. Көпшілікті толғандырған бұл шетін мәселеге Мемлекет басшысы да дер кезінде назар аударып, құзырлы органдарға отбасы институтының маңызын арттыру, тұрмыстық зорлыққа қатысты жауаптылықты күшейту бойынша нақты тапсырма жүктеген еді. Соның нәтижесінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заң дайындалып, жақында қолданысқа енгізіледі.

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА БЕЙЖАЙ ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ



Құжаттың көпшілік пікірін ескере отырып, асқан ұқыптылықпен дайындалғанын байқамау мүмкін емес. Себебі, мұнда ана мен баланың құқықтық тұрғыдан қорғалуына мүмкіндік беретін барлық тетік ескерілген. Айталық бұған дейін тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі бойынша әкімшілік жауаптылық белгіленіп келген болатын. ӘҚБтК-нің 73-1, 73-2 баптарында отбасының тыныштығын бұзып, жақындарына жәбір көрсеткендерге әкімшілік жауаптылығын қолданғанда отбасылық сыйластықты сақтап,

жақындар арасындағы қарым-қатынасты алшақтатпау үшін мейлінше жеңіл жаза қарастырылып келген еді. Алайда күнделікті сот тәжірибесі жазаның жеңілдігі әлімжеттік жасаушыларға ой салмайтынын, керісінше жазасыздық қатігездік пен жаңа қылмыстың туындауына түрткі болатынын көрсетті. Соған орай жаңа заңда бұл баптар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстен алынып, Қылмыстық кодекске қылмыстық теріс қылық ретінде ауыстырылды. Осылайша Қылмыстық кодексі жаңа 108-1 және 109-1 баптарымен толықтырылды.

Бұрын отбасындағы әлімжеттік үшін ескерту алып, аз ғана айыппұл немесе қамаққа алынумен шектеліп жүргендерге енді салынатын айыппұл қомақты, белгіленетін жаза да қатаң. Қылмыстық кодекске енгізілген 108-1-бапқа сай «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіргендер» 200 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл арқалап не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылып, не 50 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алынуы мүмкін. Ал осы заңсыздықты бірнеше адамға немесе бірнеше рет, аса қатігездікпен жасаған жағдайда жауаптылық жоғарылай береді.

Сондай-ақ жәбірленушіні ұрып соққан айыптыларға да Қылмыстық кодексі шеңберінде жауаптылық белгіленеді. ҚК-нің 109-1-бабына сай мұндай қылмыстық теріс қылыққа жол бергендердің 80 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл арқалап не сол мөлшерде түзеу жұмысына, не 80 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға татылуы, не 25 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алынуы заңмен қарастырылған. Жазаны ауырлататын мән-жайлар болған кезде, жасалған қылмыстық жауапкершілік қатаңдай береді.

Бұл заңның нағыз халықтық заң, елдік заң болғаны күмән тудырмайды. Өйткені, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңның талқысына бүкіл қоғам атсалысты. Мұндағы толықтырулар мен түзетулер қоғамда қызу сарапталды. Осының өзі ана мен баланың тағдырына қоғамның атүсті қарамайтынын, отбасындағы құндылықтарды қадірлеу, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол бермеу мәселесі көпшілікті шынайы алаңдататынын аңғартты.

Мерлан КУСАЙНОВ,
Исатай аудандық сотының
төрағасы
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ



Зульфия КАБДУЛЛИНА,
Ақтөбе қаласының
мамандандырылған
тергеу сотының Соттар
әкімшісінің басшысы

керлердің заңды ренішін туындатқан еді. Сондай-ақ адвокаттар қауымы барлық санаттағы істерді қарауға тараптар міндетті түрде қатысуы керек, әрі істі алқалы құрам жүргізуі тиіс деген ұсыныстарын алға тартқан болатын.

Ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында сот жүйесі барынша объективті, ашық және жария түрде сот төрелігін жүзеге асырады. Сот жүйесіндегі барлық оң өзгерістер ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың тиімділігін арттыруға ықпал ететіні сөзсіз.

Ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында сот жүйесі барынша объективті, ашық және жария түрде сот төрелігін жүзеге асырады. Сот жүйесіндегі барлық оң өзгерістер ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың тиімділігін арттыруға ықпал ететіні сөзсіз.

Маратхан ЗӘУРЕНБЕКОВ,
Алакөл аудандық
№2 сотының аға приставы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

АБАЙ – 180

РЕФОРМАТОР

2025 жылы қазақ халқының ұлы ойшылы, ақыны әрі ағартушысы Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толып отыр. Бұл – ұлт руханияты үшін аса маңызды мерейтой. Абайдың 180 жылдығы – тек тарихи еске алу емес, сонымен бірге оның мұрасына жаңаша көзқарас танытып, бүгінгі қоғаммен сабақтастығын қайта пайымдайтын кезең.

Абай қазақ даласына білім мен мәдениеттің шамшырағын алып келген ағартушы, қазақ әдебиетін жаңа сатыға көтерген реформатор болды. Оның шығармалары адам болмысына терең үңіліп, жан дүниенің тылсым сырын ашты. Абай – қазақ қоғамына жаңашыл көзқарас әкеліп, елдің ертеңі үшін білім мен еңбекке үндеген тұлға.

Абай поэзиясы арқылы халқымыздың сөз өнері биікке көтерілді. Ол дәстүрлі жыраулық, ақындық мектепке сыншыл реализм мен терең философиялық мазмұнды әкелді. Өлеңдерінде ел бірлігі, адамгершілік, адалдық, парасаттылық, еңбекқорлық секілді асыл қасиеттер дәріптелді.

Абайдың қырық бесінші қара сөзі – қазақтың рухани дүниетанымының інжу-маржаны. Онда ол халықты надандық пен жалқаулықтан арылуға, оқу-білімге ұмтылуға шақырды. Қара сөздер – терең ой мен тәлімге толы даналық туындылар. Ол адам болмысы, мінез-құлық, имандылық, тәрбие жайлы терең пайым жасап, ұлт болашағы үшін алаңдаған. Мысалы, «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» деген нақыл сөздері арқылы Абай жастарды жаман әдеттерден сақтандырып, ізгілікке, еңбекке, ақыл мен білімге жетеледі. Бұл



– қазіргі заманда да өзектілігін жоймаған ұлы өсиет.

Абайдың 180 жылдығы – ақынды жаңа буынға қайта танытудың тамаша мүмкіндігі. Ел көлемінде түрлі мәдени, ғылыми, әдеби іс-шаралар ұйымдастырылып, Абайдың еңбектері мектеп пен жоғары оқу орындарында кеңінен оқытылуда. Ақынның мұрасын ұлықтап, өз болмысымызды, ұлттық құндылықтарымызды, рухани байлығымызды жаңғыртамыз. Демек, Абайдың 180 жылдығы – өткенді ұлықтап, болашаққа бағдар жасайтын маңызды белес.

Ж.СЫРЛЫБАЕВ,
Темір аудандық
соты әкімшісінің аға
сот приставы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ШАРА

ТАЛҚЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТҮЙТКІЛДЕРДІ ШЕШУГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ

Жақында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де заң факультетінің 70 жылдығына және профессор З.К. Абдуллинаның ғылыми-педагогикалық қызметіне арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Шараға Қазақстанның, сондай-ақ жақын және алыс шетелдің белгілі ғалымдары, ғылыми заң өкілдері, тәжірибеден өтуші заңгерлер, магистранттар, студенттер қатысты.

Заң факультетінің азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы профессорының міндетін атқарушы С.Атаханова тізгінін ұстаған жиынды факультет деканы, профессор Уәлихан Ахатов ашты.

Жиын барысында профессор А.Ибраева білікті ғалым Zufnun Абдуллинаның ғылыми жолы туралы айтып өтті. Расында Абдуллинаның заң ғылымына сіңірген еңбегі қомақты. Ол «Алғашқы инстанциядағы сотта азаматтық істерді қарау», «Сот талқысына азаматтық істерді даярлау», «ҚР азаматтық процессуалдық құқығы» сияқты аса қажет оқу құралдарының және басқа да еңбектердің авторы. Сонымен бірге ғалым бірнеше заңнама түсініктемелерін даярлауға белсенді қатысты, Азаматтық іс жүргізу кодексін даярлау жөніндегі жұмыс тобының мүшесі болды. 1968 жылдан бастап жиырма жылдай З.К. Абдуллина докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі мамандандырылған кеңестің ғалым хатшысы болды.

Сот ісін жүргізудің өзекті мәселелерін және құқық қолдану практикасының жаңа үрдістерін талқылау дер кезінде және жемісті болды. Мысалы, Конституциялық Сот судьясы, заң ғылымының докторы А.Жатқанбаева Конституциялық Соттың әділетке қол жеткізу мәселелеріне арналған нормативтік қаулыларына талдау жасады. Әділетке қол жеткізу проблемасының азаматтар арыз-шағымдарында ең жиі айтылатындығы атап өтілді.

Ташкент мемлекеттік заң университетінің азаматтық іс жүргізу және экономикалық іс жүргізу құқығы кафедрасының аға оқытушысы Феруза Ахмедова Қазақстан және Өзбекстан азаматтық іс жүргізуінің тексеру сатыларына салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізсе, PhD докторы, Құқық және саясат мектебінің деканы М.Есіркепова «Еңбек сот ісін жүргізудің өзекті проблемалары» атты баяндамасында еңбек құқықтарын сотта қорғау – еңбек саласындағы әділдік пен құқық тәртібін қамтамасыз етудің маңызды элементі екендігін атап өтті. Құқықтық базаның, тиісті халықаралық стандарттардың бар болуына қарамастан, Қазақстанда еңбек дауларының тиімді және өз уақытында қаралу құқығының іске асырылуын қиындататын бірқатар жүйелі проблемалар сақталып отыр.

Жиынға қатысушы ғалымдар, тәжірибеден өтуші заңгерлер мен студенттер осындай кездесулерінің қажет екенін, олардың құқық қолдану практикасындағы жаңа үрдістерді жылдам ұғуға және теория мен практиканы барынша тиімді үйлестіруге көмектесетінін атап өтті.

С.ТЫНЫБЕКОВ,
з.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ азаматтық
құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы
кафедрасының профессоры
О.П.ЛОЖНИКОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Парасат»
кәсіподағы төрағасының орынбасары

ПАЙЫМ

ЖАҢА СОТТАРДАН КҮТЕРІМІЗ КӨП

2024 жылғы 5 шілдедегі «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңына сәйкес, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңына толықтырулар енгізілген болатын. Осыған байланысты Астана қаласында 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап кассациялық соттар құрылады.

Кассациялық соттың құрамы шамамен 100-ге жуық судьядан тұратыны жоспарлануда. Заң саласындағы жұмыс өтілі 18 жылдан кем емес, судья лауазымындағы жұмыс өтілі 8 жылдан кем емес, соның ішінде, облыстық сот судьясы ретінде 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар азамат кассациялық сот судьясы бола алады. Мұндай сотты тәжірибеге енгізу сотқа кететін қаржыға нұқсан келтірмей, азаматтардың ұсыныс-талабын ескере отырып шешім шығаруға жол ашады.

Конституциялық заңның 17-ба-

бының 1-бөлігі негізінде Жоғарғы Сот жергілікті және басқа да соттардың қарауына жатқызылған азаматтық, қылмыстық және өзге де істер бойынша жоғары сот органы болып табылады, оларға қатысты кассациялық саты функцияларын жүзеге асырады және нормативтік қаулылар қабылдау арқылы сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірулер беріп отырады. Яғни, жаңа өзгерістерге орай Жоғарғы Сот кассациялық саты ретіндегі функцияларын тоқтатады. Оның қызметі сот практикасын зерделеп, қорытуға, және сот төрелігін жүзеге асыру кезінде заңдылықтың сақталуына негізделетін болады.

Ең бастысы, бұл кассациялық орган толық тәуелсіз болады. Сонымен бірге істердің барлық санаттары бойынша арыздарды кассациялық сатыда алдын ала қарау сатысы алынып тасталуы да басты мәселе. Себебі бүгінге дейін істерді бір судьяның қарап, пайымдауымен алқа қарауына жіберілмей келгені белгілі. Бұл азаматтар мен кәсіп-

СУДЬЯЛАР ЖҰМЫСЫНА ШАҒЫМДАНУШЫЛАР ЖОҚ

ілтиспат таныта тілдесіп, азаматтармен тең сөйлесу төл міндетіміз. Әрине, бұл парыз білімді қажет етеді, тіпті талап етеді. Сондықтан үнемі ізденіспен, білсем, білген үстіне біле түсем деген ұстаным бар.

Қызмет барысында сот жұмысына қатысты азаматтардың пікірі мен ұсыныстарын біліп, зерделеп отыру мақсатымыз. Сондайда байқалатыны барлық судьялар мен сот қызметкерлері өзінің қызметтік және қызметтен тыс іс-әрекеттерін де әдеп нормаларын басшылыққа алады. Функционалдық міндетінді

МЕЖЕ

Ата Заңымызда «Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады» деп нақтыланған. Сондықтан шалғайдағы Қабанбай ауылында да қарапайым халық және зиялы қауым өкілдері түрлі себептермен сотқа жиі жүгінеді. Бұл олардың конституциялық құқықтары болып саналады.

Заңды білу, сыйлау және құрметтеу – халықтың етене парызы. Күнделікті өмірде құқықтық мәдениет төмен азаматтардың теріс әрекеттер жасап, көпшіліктің пікірін сыйламауы жиі орын алады. Соған қарамастан азаматтардың бәріне

ҚР Тіл туралы заңнамасы – ҚР Конституциясына негіз-деледі, осы заң, тілдерді қолдануға және дамытуға қатысты ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады. Осы заңдарға сәйкес, мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі деп есептеледі.

ХАЛЫҚТЫ ТОПТАСТЫРУДЫҢ ТЕТІГІ

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы саналатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстанның әрбір азаматының парызы.

Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық бө-делін нығайтуға, Қазақстан Респуб-ликасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдас-тырушылық, материалдық-техни-калық жағдайларды жасауға, қа-зақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті.

ҚР азаматының ана тілін қол-дануына, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін ер-кін таңдауына құқығы бар. Мемле-кет Қазақстан халқының тілдерін оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызу жөнінде қамқорлық жасайды. Қазақстанда тілдік белгісі бойынша азаматтардың құқықтарын кемсітуге жол берілмейді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде қылмыстық процесті жүргі-зетін орган күдіктіге оның сот ісін жүргізу тіліне қатысты құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде қорға-ушының көмегіне жүгіну құқығын түсіндіруге тиіс. Процесті жүргізетін органдар сот ісін жүргізуге қаты-сатын адамдарға істің олар үшін қажетті, басқа тілде жазылған ма-

териалдарын сол адамдар білетін немесе түсінетін тілдерге өтеусіз аудару және аудармашының қыз-меттерін тегін пайдалану құқығын қамтамасыз етуге тиіс.

ҚПК-нің 81-бабы бірінші бөлі-гінің, АПК-нің 39-бабы екінші бөлі-гінің және ӘҚБтК-нің 758-бабы бірінші бөлігінің талаптарына сәйкес аудармашы ретінде іске қатысып отырған органдар мен адамдардан қызмет бабы бойынша тәуелсіз, іс үшін маңызы бар мән-жайларды ау-даруға біліктілігі жеткілікті мүдделі емес адам тартылады.

Процеске қатысушылар білетін тілде сот ісін жүргізуге және осыған орай аудармашының қатысуына байланысты шығындар іске қаты-сушы адамдардың өздері білетін белгілі бір тілді пайдалану құқықта-рын іске асыру үшін кедергі бола алмайды.

Істер бойынша қабылданған процестік құжаттар сот ісін жүргі-зу тілінде жасалады. Процестік құ-жаттарды жасаған кезде олардың мазмұны мен сот ісін жүргізу тілінің лингвистикалық қағидаларына қой-ылатын талаптарға назар аудару қажет.

Сот ісін жүргізу тілі туралы заңнаманың талаптарын сақтамау процестік заңды елеулі түрде бұзу және шығарылған сот актілерінің күшін жоюға әкеп соғады.

Істі соттың іс жүргізуіне қабыл-дау туралы мәселені шешу сатысын-

да сот ісін жүргізу тілінің бұзылуы анықталған жағдайда, сот ҚПК-нің 323-бабының талаптарына сәйкес істі бұзушылықтарды жою үшін про-курорға қайтарады.

Сот тәжірибесіне келетін бол-сақ, Ақтөбе облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған

ауданаралық сотында қаралған қылмыстық істер бойынша мемле-кеттік тілде қаралғандарының пай-ыздық үлесі жоғары. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2022 жылы түскен 60 істің 29-ы (48,3 пайыз), 2023 жылы түскен 63 істің 28-і (44,4 пайыз), ал үстіміздегі жылдың үш айында қаралған 14 істің 9-ы (64,2 пайыз) қазақ тілінде аяқталған.

Бұл дегеніміз, іс жүргізуде қа-зақ тілін қолдануға қажетті көңіл бөлініп отырғандығын көрсетеді. Осы тұрғыда, Ақтөбе облыстық соты тарапынан мемлекеттік тілді дамы-ту, сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілдің үлесін арттыру мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарын да атап өткен жөн.

Яғни, прокуратура, құқық қорғау органдары өкілдерінің қатысуымен жүйелі түрде кездесулер, дөңгелек үстелдер өткізіліп, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғамға мемлекеттік тілдің рөлін насихаттау тұрғысында түрлі сұхбаттар беріліп, мақалалар жариялануда.

Қазақ тілі ол халықтың жаны, өз тілімізді құрметтеу, оған жанашыр-лық білдіру нәтижесінде ғана ана тіліміздің болашағы зор болады.

Ж.СЕЙТЖАПАРОВ,
Ақтөбе облысының
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық
сотының судьясы

ЕЛ БОЛАШАҒЫН БАЯНДЫ ЕТУДІҢ КЕПІЛІ

ҚР Конституциясы бойынша қазақ тілі мемлекеттік тіл мәрте-бесіне ие және елдегі қоғамдық өмірдің барлық саласында қолда-нылуы тиіс. Алайда сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданысы толық деңгейде қамтамасыз етілмегені байқалады. Бұл мәселе құқықтық жүйенің тиімділігіне, азаматтардың мемлекеттік тілде құқықтық көмек алу мүмкіндігіне және жалпы тіл саясатының жүзеге асуына тікелей әсер етеді.



Мемлекеттік тілдің сот жүйесіндегі қолда-нылуын кеңейту – бұл тек құқықтық қана емес, әлеуметтік-мә-дени және мемлекет-тік маңызы бар міндет. Соттарда мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту ел азаматта-рының құқықтарын қорғауға деген сенімін арттыруға, сотқа қол-жетімділікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ ұлттық бірлікті нығайтуға мүм-кіндік береді.

Қазақстанда сот процесінің мемлекеттік тілде өтуі заңна-малық тұрғыдан бекітілген. Конституцияның 7-бабында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолданылатыны айқын көрсетілген. Сонымен қатар, «Тіл туралы» және «ҚР сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңдар да мемлекеттік тілдің сот органдарында қолданылуына қатысты талаптар бар.

Сот жүйесіндегі мемлекеттік тілдің қазіргі жағдайына тоқталсақ, Қазақстандағы сот өндірісі заңнамаға сәйкес қазақ, орыс және кейбір жағдайларда басқа тілдерде жүргізіледі. Бұл көптілділік құқықтардың теңдігін қамтамасыз етуге бағытталғанымен, қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесінде толық қолданылмай отыр. Статистикалық деректер сот істерінің едәуір бөлігі орыс тілінде жүргізілетінін көрсетеді.

Мұндай жағдайдың бірнеше себебі бар: азаматтардың мемлекеттік тілді жетік меңгеру деңгейінің әркімдікі, азаматтардың сот ісін жүргізу тілі ретінде көбінесе орыс тілін таңдауы, тергеушілердің, адвокаттардың, судьялардың қазақ тілінде кәсіби деңгейде іс жүргізуге дайын еместігі, мемлекеттік тілді қолдануға бағытталған механизмдердің жеткіліксіздігі.

Мемлекеттік тілдің сот жүйесіндегі маңыздылығы мен қолданыс аясын кеңейту жолдарын бірнеше сатыға бөлуге болады.

- Құқықтық теңдік пен әділеттілікті қамтамасыз ету: мемлекеттік тілде сот ісін жүргізу азаматтардың құқықтарын өз ана тілінде қорғауға мүмкіндік береді. Бұл Конституцияда көрсетілген тең құқықтық принциптерін жүзеге асырудың бір бөлігі болып табылады.
 - Мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайту: сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылуын арттыру – бұл қазақ тілінің мәртебесін тек заңнамалық деңгейде ғана емес, нақты тәжірибеде нығайтудың тиімді жолы.
 - Ұлттық бірлік пен қоғамдық келісімді нығайту: мемлекеттік тілдің кеңінен қолданылуы халық арасында бірлік пен ортақ мәдениет қалыптастыруға ықпал етеді. Мемлекеттік тілдің қолданылуын кеңейтудегі халықаралық тәжіри-беге сүйенсек, басқа елдердің тәжірибесі мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру үшін жүйелі шаралардың қажеттілігін көрсетеді.
- Соттардағы мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту – Қазақстан-ның егемендігі мен бірегейлігін сақтаудағы маңызды қадам. Бұл сот жүйесін жетілдірумен қатар, азаматтардың құқықтық мәдениетін артты-руға, мемлекеттік тілді меңгеруге ынталандыруға және ұлттық бірлікті нығайтуға мүмкіндік береді. Осы бағытта барлық тараптардың – заң шығарушылардың, сот қызметкерлерінің және қоғамның белсенді әре-кеті қажет. Мемлекеттік тілдің сот жүйесінде кеңінен қолданылуы Қа-зақстан болашағын баянды етудің маңызды кепілі.

Саят ТАШИМБАЕВ,
Астана қаласының қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының судьясы

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚОЛДАНЫС АЯСЫ КЕҢІП КЕЛЕДІ

Соңғы жылдары елімізде тіл мәселесінің өзектілігі артып келеді. Ғаламторда қазақ тіліндегі контенттің артуы, қазақ тілді балабақшалар мен мектептер санының көбеюі, жалпы қоғамымызда қазақ тіліне сұраныстың артуы байқалып отыр. Бұл мемлекеттік тіліміздің қолданыс аясының артып келе жатқанын аңғартады.

Еліміздің сот жүйесінде де қазақ тілінде өткізілетін сот отырыстары артуда. Сондықтан сұранысқа сай қазақ тілінде сот отырысын өткізетін судьялардың санын да арттырып, қажет болған жағдайда аудармашы-лардың көмегімен қамту жұмыстары да жүргізіліп жатыр. Бұл еліміздің сот жүйесінің қоғам сұранысына сай қашанда жұмыс істеуге даяр екенін көрсетеді.

Ата Заңымыздың 7-бабында «тайға таңба басқандай» етіп, мемле-кеттік тіл – қазақ тілі деп атап көрсетілген. Сондықтан да мемлекет өз тілін сақтап, оның қолданылу өрісін кеңейту үшін қолдан келгеннің бәрін жасау керек. Бұл бағытта жылдар бойы жұмыстар жасалып та жатыр. Елімізде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – бүгінгі таңдағы өзекті мәселе. Тәуелсіз Қазақстанда тіл мәселесіне айтарлықтай көңіл бөлініп келеді. Өйткені тіл – біздің ана тіліміз – Туымыз, Елтаңбамыз, Өнұранымызбен қатар біздің елдігіміздің басты белгілерінің бірі болып саналады.

Қазіргі уақытта елімізде әкімшілік, азаматтық, қылмыстық сот процес-терінің басым көпшілігі мемлекеттік тілде жүргізілетіндігін ерекше атап өтуге болады. Заң кеңестері де қазақша түсіндіріліп жатады. Мемлекет-тік тілді жетік меңгергендердің арасында тек қана сот саласының қыз-меткерлері ғана емес, прокурорлар, қорғаушылар, сот орындаушылар мен полиция қызметкерлері де бар. Сондықтан қазақ тілінде сөйлегісі кел-етін, қазақ тілінде қызмет көрсетілгенін қалайтын азаматтар үшін толық жағдай жасалып отыр деп айта аламыз. Және алдағы уақытта елімізде қазақ тілінің мәртебесі арта түсетініне сеніміміз мол!

Айбол ПИРМАХАНОВ,
Ақтөбе қалалық соты әкімшісінің
бас маманы-сот отырысының хатшысы

ЕГЕМЕНДІКТІҢ СИМВОЛЫ

Мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Бұл қағида елдің барлық қоғамдық және мемлекеттік са-лаларында, соның ішінде құқықтық салада да міндетті түрде жүзеге асырылуы тиіс. Сот жүйесі – мемлекеттік биліктің бір тармағы ретінде азаматтардың құқықтары мен бо-стандықтарын қорғауда негізгі рөл атқарады. Осыған байланысты, сот ісін жүргізу тілі мәсе-лесі – ел ішіндегі тіл саясатының ең өзекті бағыттарының бірі.

Сот өндірісі – азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың негізгі институты. Сондықтан сот жүйесіндегі тіл саясаты – тек тіл мәселесі ғана емес, со-нымен қатар әділ соттылықты қамтамасыз етудің кепілі.

Жалпы, мемлекеттік тілдің дамуына бірінші кезекте мемлекеттік қызметшілердің тигізер көмегі мен ықпалы зор. Өйткені, мемлекеттік саясатты іс жүзіне асыратын негізгі буын болғандықтан, қарапайым халық, әсіресе жастар шенеуніктерге қарайды, солардың кәсіби білік-тілігіне қарап, білікті бағалайды, өз болашағына қаты-сты бағыт-бағдарын, жоспарларын түзеді.

Қазақ тіліндегі сот істерінің үлесі әр өңірде жыл сай-ын өсіп келе жатыр. Ақтөбе қаласының №2 сотында 2024 жылы 925 қылмыстық істің 491-і мемлекеттік тілде қаралды, бұл 53%. Ал 2025 жылдың 4 айы ішінде 290 қылмыстық істің 155-і мемлекеттік тілде қаралды, бұл 53%. Сонымен қатар шығыс құжаттар 100% мемлекет-тік тілде рәсімделеді.

Сот жүйесіндегі тіл саясатын жетілдіру үшін төменде-гідей шараларды ұсынуға болады:

ҰЛТ ТАМЫРЫ

Қазіргі таңда заманауи жаһандану заманында қазақ тілін түрлі қауіп-қатерлерден сақтау мен дамытудың маңызы ерек-ше. Қазақ тілі – қазақ этносының рухани құндылықтарының сақталуы мен берілуін қамтамасыз ететін, оның жаһандық мәдени контексте бірегейлілігі мен алуан түрлілігін көрсететін ажырамас элемент.

Рухани құндылықтарға бай қа-зақ тілі тек қана қарым-қатынас құралы емес, сонымен қатар Қа-зақстанның мәдени астанасының маңызды элементі. Қазақ тілі күн-делікті қарым-қатынаста ғана емес, халықтың мәдени болмысын қалып-тастыруда да маңызды рөл атқара-ды. Ол өзін-өзі тануды нығайтуға көмектеседі, ұрпақтар арасындағы жалғаушы көпір қызметін атқара-ды, құндылықтар мен дәстүрлерді ата-бабадан ұрпақтарға жалғасты-рады. Сонымен қатар, жаһандық мәдени желіде өзінің бірегейлілі-гі мен өзектілігін сақтай отырып, заманауи әлемнің сын-қатерлері-не бейімделеді. Қазақ тілі қазіргі әлемдік қауымдастық жадайында Қазақстанның ұлттық мәдениетін сақтау мен дамытуда шешуші рөл атқаратын қарым-қатынас құралы,

мәдени мұра мен болмыстың тірі тасымалдаушысы.

Қазақ тілі мәдени мұраны сақ-тауда ғана емес, қоғамның интел-лектуалдық дамуында да басты рөл атқарады. Ол Қазақстанның бай тарихы туралы білімдермен бөлі-су және зерттеудің негізгі құралы ретінде қызмет етеді. Қазақ тілінің ғылыми құрал ретінде дамуына ерекше көңіл бөлінуде.

Елімізді, тілімізді дамыту үшін бәріміз күш салуымыз керек. Қа-зақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрін рухани ұлықтап, жүзеге асыра отырып, республикамыздың экономикалық өркендеуі мен Қа-зақстан халықтарының рухани жай-күйіне, ынтымағы мен бірлігіне бай-ланысты болғандықтан, еліміз одан әрі нығайып, тәуелсіз бола түседі. Әр адам өзінің мәдениеті, салт-



А.САНЫБАЙ,
Ақтөбе облысының
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
соты әкімшісінің бас маманы

дәстүрі, халқы, тілі бар екенін баға-лай білуі керек.

«Өзге ұлттың тілін, мәдениетін білген адамды сол ұлтқа теңейді» – деген ұлы Абайдың сөзі кез келген табысты тұлғаның ұранына айналуы тиіс.

МЕРЕЙ

Ата Заң – Қазақстан тәуелсіздігінің ең маңызды іргетасы. Ол мемлекеттің даму бағытын айқындап, елімізде бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтаудың кепілі. Қазақстан халқының бірлігі, еркіндігі мен заң алдындағы теңдігі Конституцияның негізгі қағидаттарымен тығыз байланысты. Сондықтан әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, еліміздің тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында Ата Заңның рөлі әрқашан жоғары болмақ.

Қазақстан Конституциясы — мемлекеттің тәуелсіздігін айқын-айтын негізгі заңды құжат. Ол тек құқықтық негізді қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар мемлекетіміздің әлеуметтік, саяси және экономикалық құрылымын да белгілейді. ҚР Конституциясы —

халқымыздың тарихи жолындағы маңызды кезеңдердің нәтижесі әрі егемендіктің символы.

ҚР Конституциясы алғаш рет 1995 жылы 30 тамызда қабылданып, мемлекеттік биліктің негізгі принциптерін анықтады. Бұл заң мемлекеттің демократиялық, құқықтық және әлеуметтік сипаттарын айқындап, халықтың ең жоғары құқығы – мемлекетті басқару құқығын бекітті. Сонымен қатар, Конституция адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау, билік бөлінісі, сот әділдігін жүзеге асыру, азаматтардың теңдігі

мен ұлтаралық келісімді сақтауды қамтамасыз ететін құқықтық негіз болды

Бүгінде Республикамыздың қол жеткен табыстарына бүкіл Орта Азия мемлекеттері қызыға қарауда. Өркениетті елдердің барлығы да Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағынан басқалардан көш ілгері екенін ашық мойындап отыр. Еліміздің құқықтық мемлекетке айналуы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын ойдағыдай қорғау, бауырында жүздеген ұлт пен ұлысты топтастырған елімізде

саяси тұрақтылықтың сақталуы – осы Конституцияның арқасы. Ата Заңымыздың келешекте еліміздің алдыңғы қатардағы мемлекет болуына, демократияның, тиімді экономикалық реформалардың қалыптасуына жағдай жасайтын басты нормативтік құжат болатыны анық.

Т.АМАНГЕЛДИЕВ,
Ақтөбе облысының
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
аға сот приставы

ТАРАТУ

4. «Ақтас» селолық тұтыну кооперативі (БСН 040340014681) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ОҚО, Қазығұрт ауданы, Тұрбат ауылдық округі, Тұрбат ауылы, көшесі Нет данних, үй б/н, пошта индексі 160314.

5. «Altai Dawari» ЖШС (БСН 170540031992) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады. Тел. 87078713300.

6. «Ломбард G5» ЖШС (БСН 140240011703) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Дүйсенов көшесі, 27-үй, 20-пәтер, тел. 87075525550.

7. Жалағаш ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 15 мамырдағы №101 қаулысымен «Жалағаш кенті әкімі аппаратының «Жалағаш қызмет» (БСН 231240028224) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің таратылатындығын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қаралады. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Конституция көшесі, 5.

14. «Ақсу ауылы әкімінің аппараты» ММ Біржан сал ауданы (БСН 040840003614) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Ақсу ауылы, Желтоқсан көшесі, 7-құрылыс.

ӘРТҮРАІ

2.	Ұлттық қаржылық есептілік стандартына 3-қосымша
Ұйым	«Бірінші болу - батылдық» корпоративтік қоры
Қызметтің түрі	Спорт саласындағы өзге қызмет
Заңды мекенжайы:	050059, ҚР, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 5-үй, 1 А павильон, 6 орын-жай, 501 кеңсе, БСН 140840008587
Бухгалтерлік баланс	
31 желтоқсан 2024 жылғы жағдай бойынша	

Активтер	Есепті кезеңнің соңына	Есепті кезеңнің басына
Активтер		
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	284 733	341 896
Басқа да қысқа мерзімді дебиторлық берешек	70 559	762
Қорлар	15 865	12 241
Негізгі құралдар (амортизацияны алып тастағанда)	38 475	17 120
Материалдық емес активтер (амортизацияны алып тастағанда)	17 900	10 300
Басқа да активтер	93 812	196 617
Активтердің жиыны	521 344	578 937
Міндеттеме		
Салықтар бойынша міндеттемелер	165	298
Өзге міндеттемелер	113 848	185 571
Міндеттеме жиыны	114 013	185 869
Өз капиталы		
Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)	407 331	393 068
Капитал жиыны	407 331	393 068
Капитал жиыны және міндеттемелер	521 344	578 937

Алынған қаражатты мақсатты пайдалану туралы есеп 2024 жылға	
Ұйым	«Бірінші болу - батылдық» корпоративтік қоры
Қызметтің түрі	Спорт саласындағы өзге қызмет
Заңды мекенжайы:	050059, ҚР, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 5-үй, 1 А павильон, 6 орын-жай, 501-кеңсе, БСН 140840008587

Көрсеткіш атауы	2024
Есепті жылдың басындағы қаражат қалдығы	341 896
Түскен қаражат	
Алматы марафонға тіркеу алымдары	206 077
Алматыдағы өзге спорттық-бұқаралық іс-шаралар бойынша тіркеу алымдары	153 327
Өңірлердегі спорттық-бұқаралық іс-шаралар бойынша тіркеу алымдары	118 296
Демеушілік қаражат	1 001 283
Құрылтайшылардың журналары	38 300
Кәсіпкерлік қызмет	63 701
Барлық түскен қаражат	1 580 983
Найдаланылған қаражат	
Мақсатты іс-шараларға арналған шығыстар, оның ішінде	1 216 368
Қайырымдылық көмек	104 688
Алматы марафонын өткізуге дайындық	616 038
Алматы қаласында спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру	234 735
Өңірлерде спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру	260 907
ТАН халықаралық альянсының брендин қалыптастыру	14 730
AUMN брендин қалыптастыру және іске көсу	38 757
Әкімшілік шығындар	368 291
Барлық пайдаланылған қаражат	1 638 146
Есепті жылдың соңындағы қаражат қалдығы	284 733

13. Ақмола облысының Степногорск қалалық сотына Степногорск қаласы, 4-ықшам ауданы, 14-корпус, 18-пәтер мекенжайында тұратын Надежда Сергеевна Басуевадан 1954 жылы 26 мамырда туған, Көкшетау облысы, Еңбекшілдер ауданы, Степняк қаласының тумасы, Заводской к. автобазасында жұмыс істеген Попов Сергей Васильевичті қайтыс болды деп танылсын деген арыз түсті.

Сергей Васильевич Поповтың тұрған жері туралы ақпараты бар адамдар, бұл туралы жарияланған күннен бастап үш ай ішінде Степногорск қалалық сотына хабарлауға міндетті.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

Кенеден алатын зардап, одан сақтану шаралары

Күн жылынып, тұрғындардың жасыл саябақтармен, желектерге, тау аймақтарына демалысқа шыққандықтан соңғы кезде кене шаққаннан тіркелген жағдайлардың өсуіне байланысты тұрғындарды ескертуді жөн санап отырмыз.

Кішкене ғана жәндіктің адам өміріне тигізетін зардабының ұлан қайғы екенін біліп тұрып, салғырттық танытпауға тиіс екендігін естеріңізге саламыз!

Кене деген қандай жәндік?

Көктемде қоршаған ортада түрлі жұқпалы ауруларды тарататын жәндіктердің де белсенділігі арта түседі. Солардың бірі — кене.

Кенелер — өрмекші тәріздестерге жататын жәндіктердің бір түрі. Паразитті тіршілік ететін кенелер жан-жануарлардың, адамның денесіне жабысып, қанын сорып тіршілік етеді. Кенелердің сан алуан топтары бар. Олардың ең көп тарағандары: жайылым кенесі, су кенесі, астық кенесі, қамба кенесі, өрмеккене, берішкене, мамықкене, шашкене.



Олардың көптеген жұқпалы ауруларды таратушылары да бар солардың бірі – кене энцефалиті.

Кене энцефалиті


Кене энцефалиті – кене арқылы тарайтын, ми қабынуын және орталық жүйке қабынуын тудырып, орталық жүйке жүйесін қатты зақымдайтын, жедел өтетін жұқпалы ауру. Кененің шағуы арқылы берілетін жұқпалы аурулар көктем-жаз айларында жиі кездеседі. Кененің шағуын дер кезінде байқау қиын. Себебі кене өз денесінен арнайы ферменттер бөліп, шаққан орнын білдірмеуге тырысады. Тұмсығын тері қабатына енгізген кене, майда қан тамырларынан қоректене бастайды. Сол жерде тойған мезетте бірнеше мың жұмыртқаларын тері астына тастап, сол мезеттен бастап ауру белгілерін шақыра бастайды.

Кене шағу белгілері

- дене қызуының көтерілуі;
- бастың ауруы;
- құсу, лоқсу;
- әлсіздену, арқаның талып, буындардың ауруы;
- беттің, арқаның кеуденің, көздің қызаруы.

Кене шағып алса...

Кене шағып алған жағдайда медициналық көмекке жүгінген дұрыс. Егер оған баруға



мүмкіндіктер болмаса онда арнайы тәртіптерді сақтай отырып, денедегі кенені алып тастау керек. Оны бірден жұлып алған жағдайда, мұртшалары теріде қалып кетуі мүмкін. Сондықтан, барынша абайлап алу керек.

Кене шағып алған күннің өзінде абдыраудың қажеті жоқ. Тек мына алғы шарттарды есте сақтау керек:

- Қан сорып жатқан кенені тұмсық астынан жіңішке жіппен байлап асықпай, жұлқымай, кене мұртшаларын толық шығарғанша ақырын тарту керек;
- Егер кененің басы толық шықпай теріде қара дақ түрінде қалып қойса, өздігінен шығуын бақылау керек. Егер шықпаса, хирургке қаралу керек;
- Кенені жұлған соң қолды мұқият жуып, йод немесе спиртпен өңдеу керек. Кейде кенелер қан сору кезінде теріге патогенді вирустар жұқтырылған зәрін қалдыруы мүмкін. Табылған кенені жағып немесе қайнаған суға салып көзін құртқаныңыз жөн.

Қалай сақтану керек?

Табиғат аясында демалып үйге келгеннен кейін денедегі киімдеріңізді қағып, жақсылап қарап шығыңыз. Әсіресе, құлақтың артын, басты, шаштардың, саусақтардың арасын тексеріп шығыңыз.

Ал табиғат аясына шыққанда мына қарапайым ережелерді сақтану керек:

- Табиғат аясына шыққанда ашық түсті киім киюге тырысыңыз. Бұл киімге жабысқан кенені бірден тауып алуға көмектеседі. Сондай-ақ, етек-жеңі ұзын, жабық киімді таңдаңыз. Киген киіміңіз денеге тиіп тұрғаны абзал. Шалбарды міндетті түрде етіктің ішіне салып, басыңызға міндетті түрде бас киім немесе орамал тағу керек;
- Киімдерді тазалау кезінде арнайы жабыстыратын құралды пайдалануға болады;
- Сақтық шаралары үшін кенелер мен шіркейлерге қарсы аэрозольдар мен жақпа майлар пайдалануға болады;
- Кенелер қалың шөптердің арасында жасырынатындықтан, көк шөпте отырмауға,



8. Қостанай облыстық сотының 2025 жылдың 1 сәуіріндегі СМС ұйғарымымен «Аягөз» ЖШС (БСН 990440006929), Қостанай облысы, Қаралық ауданы, Қособа ауылы, Школьная көшесі, 7, бойынша оңалту ісі қозғалды.

9. ЖШС «DNN Invest» БСН 060640009580 өзінің жарғылық капиталы 49 500 000,00 (қырық тоғыз миллион бес жүз мың теңге нөл тиын) теңгеге төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Тәжібаева көшесі, 155-үй, пошта индексі 050060.

10. «Qargy-Invest» Арнайы қаржы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) барлық мүдделі тұлғаларға 16 мамыр 2025 жылы Серіктестіктің қатысушысы Серіктестіктің облигацияларын сату туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлайды. Облигациялардың түрі – дисконтты, бөлінген активтермен қамтамасыз етілген. Шығарылымның тіркелген күні: 2024 жылғы 11 қараша. Шығарылған облигациялар саны – 384 000 (үш жүз сексен төрт). Облигациялардың жалпы көлемі – 384 000 000 (үш жүз сексен төрт миллион) теңге. Егер сіз облигацияларды сатып алғыңыз келсе, өтінімдерді Серіктестіктің Келесі электронды поштасына жіберіңіз sfkqargyinvest@mail.ru немесе Серіктестіктің келесі мекен-жайына жіберіңіз: Қазақстан Республикасы, 050000, Медеу ауданы, Әйтеке би көшесі, 55.

11. Алматы қаласы, Алатау аудандық сотымен, Алматы қаласы, Айгерім-2 ықшам ауданы, Акатаев көшесі, 82/4 үйде тұратын Бердиева Рая

Хамзаевнаның арызы бойынша, 15 тамыз 1979 жылы туған Иембергенов Улан Жамагатовичті өлді деп жариялау туралы азаматтық іс қозғалған. Осыған орай, хабарлама жарыққа шыққын күннен бастап үш ай мерзімде 15 тамыз 1979 жылы туылған Иембергенов Улан Жамагатовичтің қай жерде жүргені жайлы мәліметке ие тұлғалардан Алматы қаласы Алатау аудандық соты, мына мекенжай бойынша хабарлауын өтінеміз: Алматы қаласы, Жанқожа батыр көшесі, 26/1. Тел. 87273331401.

МҰРАГЕРЛІК

12. 2024 жылдың 11 мамырында қайтыс болған Кенжеболатова Дүйсенкүлдің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат, тел. 87022334499.

Ұлытау облыстық сотының ұжымы Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің басшысы Ахметзакиров Наиль Рафисұлына әкесі

Ахметзакиров Рафис Фазылзьяновичтің

қайтыс болуына байланысты туыстары мен жақындарына өздерінің көңілін білдіреді. Алла марқұмның рухына тыныштық беріп, жанын жәннаттық етсін.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а,ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 8772256506.

(Жалғасы. Басы өткен санда)

Ондайда тергеуші:
– Іс аяқталуға жақын, – деп құтылады. Дегенмен, қашан аяқталатынын өзі де білмейді. Соңғы уақытта қарауға зауқы жоқ.Тұйыққа тірелген. Күн шығып тұрса да, қара көлеңке болып тұратын аядай кабинетінде том-том істерді аударып, көңіلسіз отырған тергеушінің үстіне мониторинг бөлімінің қызметкері кіріп келіп: Бір сәйкестік бар, – деді сүйінші сұрағандай. Немене, – деп елең етті тергеуші. Анау кесілген баспен түрмеде бірге отырған досын таптық. Тіпті осы қалада тұрады екен. Солай ма?! Аты-жөнін білдіңдер ме? – Бақыт Тұрмағанбетов. Екеуі бір мезетте сотталып, бір абақтыда жазасын өтеген. Бұл кісі мерзімінен бұрын босаған. Қазір тым-тәуір бизнесмен. Жеке шаруашылығы, бірнеше сауда нүктесі бар. Мекенжайын білдіңдер ме? Иә, сізге әкеліп тұрмын. Өте жақсы. Рақмет. Тергеуші бағдарламашы ұсынған бір тілім қағазды қолына алды.

* * *

Күзде бастаған істі көктемге сүйреп әкелген тергеуші бағдарламашы тауып берген адреске келгенде, қызыл кірпіштен әдемілеп қаланған екі қабатты коттедж неге келдің дегендей тымырайып қарсы алды. Айналасы да жым-жырт. Тек дуалдан биік өскен ағаштардың бүршік жарған бұтақтары ғана тіршілік лебіндей, осында біреулердің тұратынын білдіреді. Биік дуалмен қоршалған үй қақпасының сәнделуі де ерекше екен. «Ни чего себя, бұрынғы зектің үйі» деп ойлап, домофонға қол созғанда іле: – Кімсіз? – деген баритон дауысты естіді. – Полициядан.Тергеушімін. – Қызық екен. Қылмыс жасаған жоқ сияқты едім. Кіріңіз, – қақпа тырс етіп ашылды.

Аула іші жайнап тұр. Бір жак бұрышта балалар ойнайтын алаң. Алдынан қарсы шыққан қырғи қабақ жігіт ағасының бетінің оң жағында терең тыртық. Тергеуші үй иесін «Джейн-Эйр» фильмінде басты рөлде ойнайтын актерге ұқсатып, езу тартты.

Бір актерге қатты ұқсайды екен-сіз.Әсіресе, тыртығыңыз.

Иә, адамға адам ұқсай береді дейді ғой. Актер болса, мен сияқты отырып шықпаған шығар..

Ұмытпасам, ол да отырған.

Төрге шығыңыз.

Коттедждің іші де сәнді. Қымбат жиһаздар. Аяқ астында түгі тобықтан келетін парсы кілемі. Тергеуші жұпыны үш бөлмелі пәтерін еске түсіріп, біздің айлықпен мынадай үй түске кіреді ғой деп ойлады.

– Неге келгенімді тұспалдап тұрған шығарсыз?

Ондай көріпкелдігім жоқ.

Саябақта кесілген бас туралы естіңіз бе?

Иә, оған біраз уақыт болды ғой, естігем. Кім екенін таптыңыздар ма? – ДНК қорытындысы арқылы анықтадық. Ол осы қала тұрғыны Ғалым Байсалов. Сізбен бірге оқыған, түрмеде де бірге отырыпсыздар.

– Солай ма? Не только бірге отырдық, бала кезімізден бірге өстік, бір мектепте оқыдық.

– Сол туралы айтып берсеңіз..

Осы кез жоғары қабаттан орта бойлы, аққұба әйел түсіп келе жатты. Тергеушіге оның бет-әлпеті таныс көрінді. Сірә, базарда сауда жасайтын болу керек. Есіне түсті. Ет сата-тын әйел ғой, талай рет саудаласып ет алған.

Амансыз ба, жүзіңіз таныс.

– Енді ше, ет сататын кісіні бүкіл қала таниды, – әйел күлгенде аппақ тістері жарқ етті. – Мына отағасының жеке шаруашылығы бар. Ет сатып, бүкіл қаламен танысып алғам. Сізді де бірнеше рет көрдім. Ет жемейсіз ғой деймін, сирек келетінсіз. Кейде



ТЕРГЕУШІ

ішім пысып, тағы да базарға тұрсам ба деймін. Мына кісі жібермейді.

– Дастарқан дайында, – деді үй иесі әйелінің сөзін бөліп, – бұл кісі жұмыспен жүр, полиция, – дегенде, жанып тұрған отқа су сеуіп жібергендей келіншек жым болды. Тәйт дегенде құйрығын қысып жым болатын мысық сияқты майпаңдап, ас үйге қарай жөнелді.

Айта беріңіз, сізді тыңдап отырмын....

Мен сізді тыңдайын деп келгенмін. Сол Ғалым туралы айтсаңыз?

– Егер Ғалым туралы білгіңіз келсе, асықпаңыз, – деді үй иесі терең күрсініп, – Іздегенге сұраған деп дөп келдіңіз. Ол менің кішкентайдан бірге өскен, сыр бөлісіп, сыр алысқан жан досым. Өмірінің осылай аяқталғаны өкінішті. Іздеуін іздедім-ақ. Бірақ абақтыдан шыққан соң, жүздесудің сәті түспеді. Мен мына жұмысқа мойнымды сұғып алдым да, бас бұра алмадым.

Бір қалада тұрып таппадыңыз ба? Қалада тұрғаныма бірер жыл ғана. Онда да қалада тұрады деген аты, көбінесе шаруашылық басында жүрем.

Сонда сотталып келіп, бұл шаруашылықты қалай аштыңыз?

Есіңізде болсын, бұрын сотталғандардың көбінің қазір жеке шаруашылығы бар. Олар түрмеде оны-мұны көріп, қиыншылыққа бейімделіп шығады. Қолынан іс келетіндер қор болмайды. Ауыр еңбектен де қашпайды. Бірді айтып бірге кетеміз. Өзіңіз айтқандай, бастың иесі сол болса, сірә, сол шығар. Менде айғақтар бар.

Ім...ім... олай болса, бізге неге келмедіңіз? – тергеуші елең етті.

Ол туралы өзім де кеш білдім. Онан соң, шынымды айтсам, сіздерге баруға қорықтым. Қазіргі милиция қылмысты аша алмаған соң, күәгердің мойнына іле салады. Оның ішінде менің сотталған атым бар. Бұрын сотталғандарға қылмысты ілу оңайдың оңайы. Сол себепті баруға жүрексіндім.

– Жаңа көрдіңіз бе, қақпаның сол жағында ескі пошта жәшігі бар. Кеңес өкіметі кезінен қалған. Қақпаны ауыстырғанда, құрылысшылар тастауға қимаған болар, қайта іле салыпты. Сол бойы тұрып қалды. Қазір кім хат жазады? Газет-журнал да алмаймыз. Қолда телефон. Бар ақпарат сонда. Сол тұрған жәшікке балалар ойнап жүріп, кейде қағаз салып кететіні бар. Сондықтан назар аудармаймыз. Көптен бері кірген-шыққанда сол жәшікте конверт пе, дәптер ме бірдеңе жатқанын байқадым. Жақында көрейінші бұл не десем, хат. Осы күні хат жазып жүрген кім екен деп ойладым да, үйге келіп конвертті аштым. Маржандай тізілгіп жазатын Ғалымның қолтаңбасы. Көзіме оттай басылды. Асығыс оқи бастадым. Сол хатты сізге берейін. Үй иесі сол жақтағы бөлмеге кіріп, қолына бүктеме қағаз алып шықты.

– Көп жатып қалыпты. Сірә, өлер алдында жазған болу керек.

«Бәке, сені кеш таптым. Өттең бұрынырақ кездескенімізде ғой. Со-сын мына қойын дәптер менің өмірім, онымен өзің танысарсың, ал флеш-кіні органға тапсыр. Ішінде есірткімен айналысатындар туралы толық мәліметтер бар. Өте сақ болғайсың!

Хош бол, досым, мүмкін болса, осы өтінішімді орындарсың».

Бұл хатты жақында алып оқыдым. Сонда ғана сіздерді шулатқан бастың иесі Ғалым екенін ұқтым. Оны іздеген жауыздар тапқан болса керек. Басын халықты үрейлендірейін деп саябаққа әдейі қойып кеткен де солар. Өкінішке қарай, денесінің қайда екенін білмеймін. Білсем, ата-анасының қасына жерлер едім. Енді сіздер табар деп үміттенем.

Ғалым туралы көп нәрсе айтуға болады. Мектепте жақсы оқыды. Ақылды, салмақты, кішіпейіл, ашық-жарқын. Оның осындай қиын жолға түсуіне ата-анасынан қалған қара шаңырақтан айырылып, әділетсіздікке ұшырауы себеп болды. Оған да мойымай, жұмыс істеп жүргенде, сүйген қызынан көз жазып қалып, үлкен соққы алды. Ол қыз сол қорлыққа шыдамай, жынданып кетті дегенді естідім. Мен оның басынан кешкендерін күнделігінен оқып шықтым. Сізге берейін. Ғалым екеуміздің тағдырымыз өте ұқсас. Екеуміз де асыра сілтеумен сотталдық. Мектеп бітірген соң, әкесі қайтыс болып, ол оқи алмай қалды. Мен екі жылдан соң, қаражаттың қиындығынан оқуым-ды жалғастыра алмай елге оралсам, күнкөріс қиын. Екі қолға бір күрек табылмайды. Облыс орталығына баруға тура келді. Онда біз сияқтыларға саудагерлердің жүгін тасудан басқа кәсіп жоқ екен. Мен де сол көп қазақтың ішіне қосылдым. Ол кезде ерінбейтін ерлер жүк тасушы, әйелдер ала қап арқалаушы. Жүк тасушылар көп. Жүкке таласамыз. Әлділер әлімжеттік жасап, алдымызды орап алатын сәттер де жиі. Жемтікке таласқан бөлтірік тәрзідіміз. Ауық-ауық ырылдасып қаламыз. Пойыз келген уақыт аласапыран. Жолаушылар да жетеді. Дені саудагерлер. Сондай бір қарбаласта менің алам деп қойған жүгімді бір пысықай жігіт мұрнының астынан жұлып ала жөнелді. Бұл озбырлыққа шыдамадым, аяғынан шалып, ұшырып түсірдім.

– Оңбаған кімді басынасын, жүгімді бер!– дедім. Ол жалғыз емес, қасында бауырлары бар екен. Сенгені де солар болса керек. Жабыла кетті. Қалай болғанын білмеймін, біреуді-біреу біліп болмайтын, жаппай төбелес басталды. Сірә, зорлықшыл топтың зәбірі көп адамға батып жүрсе керек. Үріп-үріп жарылайын деп тұрған шар тәрзіді шыдамның шегіне жеткен жері осы. Жаппай көтерілген жүк тасушылар ашумен арашалауға келген милицияларды да ұрып тастады. Ақыры екі жүзден астам адам қатысқан жаппай тәртіпсіздік-

тің зачинчигі мен болдым. Сөйтіп, айран ішкен құтылып, шелек жа-лаған тұтыладының кебін киіп, әлім-жеттік жасағандар құтылып, мен тұтылдым. Жазықсыздан жазықсыз он жылға сотталып кете бардым, ол жылдары мен сияқтыларды, Ғалым сияқтыларды санаса сан жетпейтін. Абақты лық толы. Себебі, құқықтық сауатсыздығымыздан, қорғаушымыздың жоқтығынан, соттың әділет-сіздігінен кінәсіздігімізді дәлелдей алмадық.

Тұтқында жүріп Ғалымды көр-дім, жылап көрістік. Бір кездегі мек-тептің маңдайалды оқушылары, кө-шенің тәртіпті төрелері абақтыға түсеміз деп ойлаппыз ба? Кейін есейген соң, көзіміз ашылып, ой-лап қарасақ, біздің қылмысымыз бұзақылыққа жатады екен. Он бес күн қамауға алып, айыппұл салып, босатып жіберуге болады екен. Біздің обалымызға қалған погон таққандар мен сот төрағаларын ар-ұяты маза-ламай ма екен, адам өмірін ойыншық қылғандар жазасын алмай кете бе-ретін болса, қоғамымызда әділдік орнайды деу қиын-ау.

Ғалымның махаббаттан да жолы болмай, сүйгенінен айырылғанын естідім. Жан тебірентерлік күй-зеліспен айтты. Аядым. Менің қо-лымнан басқа не келеді. Көп ұзамай екеумізді екі жаққа лақтырды. Мен оған қарағанда пысықтау болдым ба, басшылармен ортақ тіл табысып, мерзімімді қысқарттырып, ертерек бостандыққа шықтым. Жұмыс ізде-медім. Әке-шешемнен қалған саяжай бар еді. Соған картоп ектім. Соны күндіз-түні тыным таппай баптадым. Өнімі бітік болды. Қапшық-қапшық картопты қайда жіберерімді білмей састым. Сол картопты бәйбішем сат-ты, – деді үй иесі ас үй жақта жүрген әйеліне естірте.

Қалтаға қомақты қаржы түскен соң, жеке шаруашылық ашып алу-ды ойлап әкімшілікті жағаладым. Бір қызығы, тілегенге сұраған деген саясатқа тап болып, қайда барсам да қолдау көрдім. Не керек жарты жылда несие алдым, жер алып, қора соғып, малды көбейттім. Әуелгі кезде күндіз-түні тынбай еңбек еттім. Обала-ны не керек, әйелім жаныма жалау болып, есеп-кисабымды жүргізді. Со-нымен шаруашылығым жүріп кетті. Бірте-бірте қалаға келіп, іздестіріп жүріп осы қалай-ау деген ішімдікке үйірлігі жок, еңбекқор көмекшілер таптым. Бұл шаруашылықта ең қиы-ны – сенімді көмекші табу. Адам ала-сы ішінде, жұмыс іздегендердің бәрі жалынып-жалбарынғанмен, көбісі ащы суға үйір. Үйренісіп алған соң, жеңілдің асты, ауырдың үстімен жүретіндерін талай көргенмін. Сол тұста Ғалымды кездестірген болсам, бірден таңдауым соған түсетін еді. Себебі, оның қандай екенін бала күнінен білем. Адалдығына сенем. Соның сәті түспеді. Әйтсе де, өмірден жоғалтқаны тым салмақты болған-дықтан, оның орнын толтыру менің де қолымнан келетін бе еді, кел-мейтін бе еді. Ол да қиын сауал. Ол сол орны толмас жоғалтқандарын өлімімен ғана толтырып, мәңгі ты-ныштықты қалаған болса ше?!

Үй иесінің әйелі:

– Шай дайын, – деп шақырды.

Күтпеген жерден ұзаққа созылған қылмыстық істің ашылу сәтінің түскенін қанағат тұтып, үй иесінің әңгімесін одан әрі тыңдауға құлық танытып, дастарқан басына отырды.

– Менің ойымша, Ғалым қысқа ғұ-мырында үлкен азапты, әділетсіздік-ті арқалап өтті. Оның өмірді адал-дықтың мекені, махаббатың ұясы деп қараған періште көңілі оңбай жара-ланды.

– Сіздің әңгімеңіз көп жағдай-дың бетін ашты. Енді бір ғана өтініш менімен бірге очный ставкаға жүріңіз....

Ол не?

Досыңызбен кездесу.

Бұған қинамасаныз қайтеді. Мен оған шыдай алмаймын.

Енді сіз оның өсиетін орындау үшін бастың соңікі екендігіне көзіңізді жеткізуіңіз кере емес пе?

Иә, солай.

Онда жүріңіз.

Қинала орнынан тұрған үй иесі тергеушінің соңынан ілесті.

Тергеуші куәгерін ертіп бөлімге келгенде сапырылыстың үстінен түсті. Аулада қызметкерлерді қуы-рып, өзі де іске белсене кірісіп кеткен бастығы мұны көрген бойда:

– Ау, Абылай, қайда жүрсіз? Об-лыстан қонақтар келе жатыр, – деп қарсы алды.

– Мен куәгермен сөйлесуге бар-ғанмын. Танысып қойыңыз бизнес-мен – Бақыт Тұрмағанбетов.

– Әшейінде іздесең таптырмай-тын бизнесмен бізге қалай атбасын бұрды?

Оны кейін баяндаймын.

Сосын ана басты уақытша болса да басқа жерге ала тұрыңыз.

Қайда?!

Сейфіңізге сала тұрсаңыз, еш-тенесі кетпес. Қонақтар кеткенше..

Көрерміз...

Қожалық иесі аты аңызға айналған екі иығына екі ісі мінгендей, мили-ция бастығын көріп, аузы ашылып қалған.

– Өзі де айтса айтқандай, баяғы-ның батырлары сияқты екен. Істі шалт шешетін, қызуқанды деп естідік. Әкімдермен қаны қас, жағымпазда-нуды, жалтақтауды білмейтін өткір адам деп естуші едік. Біздің мафия жеп қоймай, қалай шыдатып жүр. Оларға жусаннан аласа, бетегеден биік, өз айтқанымен жүретін адам болмаса, жағу қиын ғой.

– Сіз тек қана шаруашылық жағдайы емес, басқалардан да хаба-рыңыз бар саясаткер болдыңыз ғой...

– Енді олай болмасаң, іс жүрмейді ғой. Әсіресе әкім-қараға жағуға, жел жағынан шықпауға тырысамыз.

– Жел жағынан шықсан, желке-летіп бітеді деңіз. Милицияға әкім бе, бизнесмен бе, басқа ма, заңмен жүр-се, қылмыс жасамаса, бәрі бірдей. Былай жүріңіз.

Шаруа қожайыны бұрын талай келген жерін жатырқап қапты. Оның үстіне, тергеушінің жанында келе жатқан бұған айналасындағылар «ақыры келдің бе?» деп қарайтын-дай, өз-өзінен қуыстанды.

– Өткенде Ғалыммен бірге өстік деген жігітті әкеліп едім, есіктен ба-сын сұқты да, тұра қашты. Былай қарасаң, зіңгіттей. Өлім көрмеген едім деп қоянның көжегіңдей дірілдеді. Сіз де сөйтіп қашып кетпейсіз бе? – деді оған сынай қараған тергеуші.

– Олай-былай деу қиын. Оның үстіне денесі жоқ бас болса, сіздер үйреніп кеткенсіздер ғой. Анау дәрі-герлер сияқты, олар шімірікпей адам-ды соя салмай ма?

– Қызықсыз, дәрігерлер қорықса, ауруды кім құтқарады? Біз де солай, өлік көріп тұра қашсақ, қылмысты кім ашады?

– Иә, солай ғой. Дегенмен, мен мал бауыздап көрген емеспін. Мал соярда қашып кетем. Обал, көзі жәу-діреп тұрады.

– Мен де тышқан мұрнын қа-натқан адам емеспін. Бірақ қылмыс ашу – міндетім.

Темір есікті ашып, ішке кірген соң, кіре берісте дайындалып қойған ар-найы киімдерді киіп, беттеріне маска, қолға қолғап, аяқтарына бағет киді.

– Міне, енді дайынбыз. Қорық-паңыз. Мен жаныңызда боламын.

..Бөлменің ортасы қара пердемен бөлінген. Устел үстіндегі әйнек вак-кум тәрзіді ыдыста жатқан адам басы тәрзіді затты көргенде, куәгер қорқы-нышты кино көргендей, бір орында тапжылмай тұрып қалды. Түр елпеті қашып кеткен қонағына қараған тер-геуші:

– Сіз қорықпаңыз, бұл химиялық қоспалармен өңделіп, ұзақ мерзімге сақтауға дәріленген бас. Бет-әлпеті де өзгерген болуы керек. Мұқият қа-рап, бастың иесі Байсалов Ғалым ба, соны айтсаңыз болды. Қазір жарық жағам.

Зияш ТЕЛЕУОВА,
Ақтөбе қаласы

(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақжан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Батыс Қазақстан облысы	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6299 дана
Апталық таралым 12 598 дана

Тапсырыс №74 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпо-рация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШСбаспаханасындабасылыпшығарылды. Тел.:факс.8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31